

ӘР ТАРАПТАН



**КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ
СОТ –
ӘДІЛДІКТИҢ ӨЛШЕМІ**

2-бет



**ЖАҚСЫ ЖАН
ЖАЙЛЫ
ҮЗІК СЫР**

5-бет

ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ

**ҚАСТАНДЫҚ
ҚАСІРЕТІ**

6-бет

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ТАРИХИ СЕССИЯСЫ ӨТТІ

Үстіміздегі жылдың сегізінші маусымы біздің аймақ үшін шын мәнінде тарихи күн болды. Осы күні Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Тоқаевтың жаңа облыстарды ашу туралы Жарлығы күшіне мінді.



Жарлықты жүзеге асырудың алғашқы қадамы Ұлытау облыстық мәслихатының I сессиясы болды. Ашылып отырған Ұлытау облысының қала, аудан әкімдері, мәслихат хатшылары, БАҚ өкілдері және облыстық мәслихаттың 11 депутаты қатысқан сессияны облыстық мәслихаттың уақытша төрағасы Бекзат Алтынбеков ашып жүргізіп отырды. Күн тәртібіне келесі сұрақтар шығарылды:

Облыстық мәслихаттың хатшысын сайлау туралы;

Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларын құру және олардың құрамдары мен төрағаларын сайлау;

«Облыстық мәслихаттың аппараты» ММ құру;

Облыстық мәслихат аппаратының құрылымын бекіту туралы;

Облыстық мәслихаттың Регламентін бекіту туралы.



Белгіленген процедураларды қатаң сақтай отырып жүргізілген сессияда облыстық мәслихаттың хатшысы болып Бауыржан Шыңғысов бір ауыздан сайланды. Осыдан соң тізгінді Бауыржан Қабденұлы қолға алды. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша үш тұрақты комиссия құрылды. Яғни, «Бюджет және қаржы жөніндегі тұрақты комиссия» құрамына: «Аманат» партиясының депутаттары Асан Сүйіндік, Ерболат Сатыбалдин, Ержан Тоқымбаев сайланып, төрағасы Ерболат Жалғасбайұлы болды. Сондай-ақ, Сыйлар Қиякбаев төрағалық ететін «Өнеркәсіп, кәсіпкерлік,

аграрлық және тұрғын үй-коммуналдық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссия» құрамына «Аманат» партиясының депутаттары Рита Ахтямова, Қанат Мұқанов, Жәнібек Рысбеков сайланды. Осыдан соң «Әлеуметтік мәселелер жөніндегі тұрақты комиссияның» құрамы бекітілді. Олар: «Аманат» партиясынан Бекзат Алтынбеков, Ерден Халилин, Бахтияр Қожаметов және Қазақстан Халықтық партиясынан Назым Алпысбаева. Төрағасы – Бекзат Комарұлы.

Келесі сұрақтар бойынша мәслихат депутаттары «Ұлытау облыстық мәслихаты» ММ аппа-

ратын құру және оның бес адамнан тұратын құрылымын бекітуге бірауыздан дауыс берді. Регламентті бекіту мәселесіне де толық қолдау білдірілді.

Президентіміз Қ. Тоқаевтың әділ шешімінің арқасында Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымына өзгеріс енгізу арқылы дүниеге келген Ұлытау облысының алғашқы келелі кеңесі осындай жасампаздық көңіл күйде өтті. Әрқашан осылай бола бергей!

Әнуар ОМАР. (МТ)

САЯСИ ӨЗГЕРІСТІҢ ІРІ ҚАДАМАСЫ ЖАСАЛДЫ

Әрбір қазақстандық үшін аса маңызды саяси шешімдердің бастауы саналатын тарихи күн – жалпыхалықтық референдум нәтижесі өтті. Халық армандап, биліктен талап еткен Жаңа Қазақстанның іргетасын қалауға бағытталған алғашқы қадам жасалды десек те болады. Конституцияға енгізілетін өзгерістер бей-жай қарамайтындар саяси науқанға бір кісідей атсалысып, оның жоғары деңгейде өтуіне үлес қосты. Сонымен референдум нәтижесі қалай болды? Ел тағдыры үшін жауапты істе қанша адам белсенділік танытты? Қалыс қалғандар қанша? Қарсы болғандар не дейді? ҚР Орталық референдум комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіровтің мәліметінше, республикада 10 013 сайлау учаскесі іске қосылған. Жалпы ел бойынша 11 734 642 дауыс беруге қатысу құқығы бар адамның 68,6 пайызы референдумға қатысқан.

Референдум күні «Қоғамдық пікір» институтының бастамасымен 600 сайлау учаскелерінен шыға берісте азаматтарға сауалнама – Exit poll жүргізілді. Оның 360-ы қалада, 240-ы ауылда ұйымдастырылды. Сауалнама республикалық маңызы бар қалалар, облыс орталықтары, шағын қалалар, ауылды елді мекендерді қамтыды. Сұрауға 24 мың респондент қатысты. Респонденттерге «Сіз Конституцияға түзетулер енгізуді қолдадыңыз ба, әлде қарсы дауыс бердіңіз бе?» деген бір ғана сұрақ қойылды.

Exit poll нәтижесінде «Конституцияға түзетулер енгізуге қолдау білдірген респонденттер 74,8 пайызды, ал қарсы болғандар 25,2 пайызды құрады. Exit poll бақылаушыларының есебінше, референдумға қатысушылар 70,1 пайызды құраған.

Сонымен қатар «Демократия институты» ғылыми-зерттеу қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі де сайлау учаскелерінің шыға берісінде Exit poll өткізді. Сауалнама алу 375 учаскеде, оның ішінде 225 қалалық және 150 ауылдық референдум учаскесінде жүргізілді. 15 мыңнан адамнан сауалнама алынды. Зерттеу қорытындысының қателігі 2,7 пайызды құрады.

Көптен күткен референдум Жезқазған қаласында да таңғы сағат 7-ден басталды. Мысты шаһарда 33 сайлау учаскесі жұмыс істеді. Сайлау учаскелерінде, алдымен ҚР-ның Әнұраны шырқалды. Дауыс беру бюллетендерін салатын әйнек жәшіктің аузы бекітілді.

Алғашқылардың бірі болып референдумға дауыс беруге келгендер қатарында қала басшысы да бар. № 3 ЖББМ-нің базасында орналасқан № 234 дауыс беру учаскесіне келген әкім Қайрат Әбсаттаров тұрғындармен бірге өз таңдауын жасады.

– Міне, бүгін көптен күткен референдум басталды. Расында, ел болашағына алаң барша қазақстандықтың бұл күнді асыға күткені жасырын емес. Бұл халықтың жарқын болашаққа деген сенімін еселей түсті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Конституциямыздың жүйелі түзетулерді қажет ететін қайбір баптарын

өзгертуді халық талқысына салуы – оның ел тілегін аяқ асты етпейтін басты екенінің дәлелі. Өзім білемге салынбай, халықтың пікірін ескерген басшысы бар мемлекеттердің еңсесі биік екенін әлемдік тәжірибе әлдеқашан дәлелдеп қойған. Ата Заңға енгізілгені отырған өзгерістер Парламентті, мәслихаттарды, жергілікті билікті күшейтуге бағытталған. Нәтижесінде, олар қысылтаң шақтарда өз бетінше жұмысын жалғастыруға қабілетті болады, бір кісіге қарап отырмайды. Осының арқасында Президент болып қандай тұлға сайланса да, оның биліктің барлық тармағына билік жүргізуіне жол берілмейді. Осы арқылы біз алдыңғы қатарлы елдерге бір табан жақындай түсеміз. Сол себепті мен барлық жезқазғандықтарды ауызбіршілік танытып, референдумға қатысуға шақырамын, – деген Қайрат Бектайұлы халық мүддесі басты орында тұруы қажетін жеткізді.

№ 8 қазақ гимназиясының базасына келіп, референдумды қолдауға дауыс берген тұрғындардың бірі – Қожай Мейрамбаева.

– Менің жасым биыл 81-ге келеді. Еңбек ардагерімін. Осы ғұмырыма дейін талай сайлауды көрдім. 1995 жылғы референдумға да қатысқам. Балаларым қанаттанды, немере, шөберелерім бар. Басты тілегім – елімізде әділ биліктің қалыптасуы. Ол үшін біз халық өзіміз әділ болуымыз қажет. Бала-шағамызды кішкентай күнінен ешкімнің ала жібін аттамауға, адамгершілікті бәрінен жоғары қоюға үйретуіміз қажет, – дейді Қожай әжей.

Референдумға қатысушылардың басым бөлігі жердің халыққа тиесілі саналуы – өте дұрыс шешім болғандығын жеткізді.

Сайлау учаскесіне келіп, алғаш рет дауыс берген қала тұрғындарының қатарында Инабат Мұханбедияр да бар.

– Бұл күн – мен үшін ерекше, толқынысқа толы сәт. Себебі алғаш рет дауыс беріп, таңдау жасадым. Жас та болсам, менің таңдауым еліміздің ертені үшін маңызды екенін сезіну – үлкен бақыт. Мен осы референдум арқылы біраз оң өзгерістер орын алатынына сенемін. Егемен еліміздің болашағына алаңдап, өзіміз азаматтық көзқара-



сымды білдіру арқылы таңдау жасағанымға қуаныштымын, – деген Инабаттың жүзі қуаныштан бал-бұл жанып тұрғанын аңғармау мүмкін емес.

Сонымен, Жезқазған қалалық сайлау комиссиясының мәліметінше, қала қалқының 77,46 пайызы референдумға қатысып, таңдау жасаған. Exit poll жасаушылар жезқазғандықтардың барлығы дерлік Конституцияға енгізілген өзгерістерді қолдайтындықтарын жеткізген. Иә, заманның қай кезеңінде де жақсылықтан күдер үзбеген, үміт шырағын сөндірмеген халықтың ұрпағы екеніміз рас. Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы екінші референдум арқылы еліміздің еңсесі тіктеліп, тұрақтылығы беки түсеріне, экономикамыздың күшейеріне үмітіміз мол.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН. (МТ)

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

КОНСТИТУЦИЈАЛЫҚ СОТ – ӘДІЛДІКТІҢ ӨЛШЕМІ



– Сәрсен Сейткенұлы, өзіңізге мәлім, Президент биылғы Жолдауында Конституциялық сот құру жөнінде бастама көтерді. Жұртшылық та бұл игі бастамаға барынша қолдау білдіріп жатыр. Мұның басқа соттардан айырмашылығы не және бұқара үшін тиімділігі қандай?

– Қазақстан Республикасы Президентінің наурыз айындағы Қазақстан халқына Жолдауында айтылған Конституциялық Сот құру жайлы ұсынысы саяси реформаларды жүзеге асыру бағытындағы қолға алынған өте қажетті де маңызды іс-шара. Яғни, Азаматтардың құқықтарын қорғау тәсілдерін жетілдіру, Конституциялық бақылау жасау институтының жаңғыртылуы болып табылады.

Сонымен қатар, Конституциялық соттың Қазақстан Республикасының басқа соттарынан ерекшелігі Конституциялық сот Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында күшіне енген Заңдар мен нормативтік актілердің Қазақстан

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қазақстандықтарға арнаған биылғы Жолдауында көпшіліктен ерекше қолдау тапқан бастамалардың бірі – елімізде Конституциялық сот құру туралы ұсынысы болды. Сарапшылардың пікірінше, бұл әділетті қоғам құру жолындағы маңызды қадамдардың бірі болмақ. Біз осыған орай Ұлытау аудандық соты төрағасының міндетін атқарушы Сәрсен САҒАТОВТЫ әңгімеге тартып, Конституциялық соттың жай-жапсарын түсіндіріп беруге өтініш едік.

Республикасының Конституциясына сәйкестігі туралы шешім қабылдайды.

Қарапайым тілмен айтсақ, жаңадан құрылатын бұл соттың жөні бөлек. Себебі, елдегі заңдардың Ата Заңға сәйкестігін бұған дейін Конституциялық кеңес қарағанымен, бұл органға жеке-кей азаматтар жүгіне алмайтын. Міне, Президент Конституциялық сот құру арқылы құқығы бұзылған азаматтарға жол ашып, өз мүдделерін Ата Заң қағидаларына сай қорғауына мүмкіндік беріп отыр. Енді құқығы тапталған кез келген адам Конституциялық сотқа жүгіне алады.

– Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында да елімізде Конституциялық сот жұмыс істеді емес пе? Өзіңіз сол жылдары Жезді ауданында судья қызметін атқардыңыз. Сол кездегі Конституциялық соттың құзыретін қалай бағалар едіңіз?

– Конституциялық соттар шет мемлекеттердің біразында бар. Атап айтсақ, мұндай сот ең алғаш рет 1920 жылы Австрияда пайда болды. Екінші дүниежүзілік соғыс бітісімен Германия да бұл іске құлшына кірісті. 1963 жылы Югославияда, 1986 жылы Польшада, ал, тоқсаныншы жылдардың басында Шығыс Еуропа елдері мен Ресейде құрылды. Сол сияқты 1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы» Заңына орай Конституциялық сот құрылып, ол өз жұмысын 1992 жылы 6 маусымда «Қазақстан Республикасының Конституциялық соты туралы» және «Конституциялық сот ісін жүргізу туралы» заңдар шыққаннан кейін бастаған болатын. 1995 жылы 30 тамызда жаңа Конституцияның қабылданыуына орай Конституциялық кеңес құрылып, соған байланысты 1995 жылы еліміздің Конституциялық соты өз жұмысын тоқтатты.

– Конституциялық соттың қандай өкілеттіліктері бар?

– Өкілеттіліктері бойынша Конституциялық соттың құзыреті кең. Атап айтсақ, заңдарды ғана емес, орталық және жергілікті органдардың нормативтік-құқықтық актілерінің де Конституцияға сәйкестілігін қарастыра алады. Ал, Конституциялық кеңес алдын ала бақылау арқылы заңды күшіне енгізген нормативтік-құқықтық актілерді қарайтын. Конституциялық соттың одан бір ерекшелігі, қолданыстағы құқықтық актілерді де қарау мүмкіндігі мол.

Конституциялық сотқа жүгіну үшін ең алдымен азаматтарға басымдық беріледі. Бұған дейін Конституциялық кеңеске тек мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар ғана жүгіне алатын. Сондықтан Конституциялық соттың мәртебесі, судьяларды сайлау тәртібі әрі құрылымы да Конституциялық кеңестен өзгеше болады.

Тағы бір айта кететіні, Қазақстан Республикасының Конституциялық сотын өкілеттіліктері Конституцияның 47 бабында айқындалған. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Президентінің қызметінен мезгілінен бұрын босату туралы қос палатаның 4/3 депутаттарының шешімі, Конституциялық сот пен Парламент комиссиясының қорытындысы негізінде Конституциялық рәсімдерді сақтау негізінде қабылданады.

Сонымен қатар, Конституциялық соттың Қазақстан Республикасы Конституциясымен бекітілген адамдардың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіретін Заңдар мен нормативтік актілерді бұзу туралы шешім қабылданған күннен қолданысқа енгізіледі.

– Соңғы сауал, Конституциялық соттың Жоғарғы соттан айырмашылығы неде? Қа-

рапайым халық бұл соттарға қандай мәселелермен жүгіне алады?

– Конституциялық сот – Ата Заң нормаларының, қабылданған заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілердің сақталуын, халықаралық шарттардың орындалуын қамтамасыз етеді. Ал, еліміздің Жоғарғы соты азаматтық, қылмыстық істер, сондай-ақ, жергілікті соттардың соттылығына жататын өзге де істер бойынша ең жоғарғы сот органы болып саналады. Онда жергілікті соттардан қаралған істер кассациялық тәртіппен қаралады. Елімізде сот төрелігі бірінші сатыда, апелляциялық, кассациялық тәртіпте жүзеге асырылады. Қысқасы, Жоғарғы соттың Конституциялық соттан негізгі айырмашылығы – сот төрелігін жүргізу тәртібінде.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтсақ, Қазақстан Республикасының Конституциялық сотының Жоғарғы Соттан, басқа соттардан айырмашылығы – Конституциялық сот Азаматтардың өтініштері бойынша, Қазақстан Республикасының Бас прокурорының, Адамдар құқығы бойынша уәкілетті тұлғаның ұсыныстары негізінде азаматтардың Конституцияда бекітілген құқықтары мен бостандықтарына тікелей қатысты Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін қарайды.

Осылайша, Конституциялық реформа азаматтардың елді басқару мүмкіндігін арттырады және саяси үдерістерді шын мәнінде демократияландырады деп сеніммен айта аламыз.

– Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан
Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

АЙМАҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

● ҰЛЫТАУ АУДАНЫ



● ЖАҢААРҚА АУДАНЫ

АУДАН ӘКІМІ ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСТІ

Аудан халқымен жаңа формат аясында есептік кездесулер өткізіп жүрген аудан басшысы Юржан Бекқожин аптаның басында бірқатар ауылдардың тұрғындарымен жүздесті.



Алыстағы ауылға, шалғайдағы елді мекенге барып, халықпен бетпе-бет отырып сөйлесу, олардың өтініш-тілегін, сын-ескертпесін өз құлағынмен есту – бұл әкімдерді бұқараға жақындата түсетін алғышарттың бірі және бірегейі. Сондай кездесулер Айнабұлақ, Қараағаш ауылдық округтерінің орталықтарында және Қараағаш (Лесхоз) елді мекенінде өтті.

Кездесулерге қатысқан ауылдардың тұрғындары өздерін толғандырып жүрген сұрақтарын тікелей қоюға мүмкіндік алды. Кездесу барысында белгілі болғанындай, ауыл тұрғындарын қолдағы мал жайылатын жайылымдық жерлердің жетіспеушілігі алаңдатады екен. Аудан әкімі бұл

мәселенің жер заңнамасы аясында реттелетінін мәлім етті.

Аудан әкімімен болған кездесуде басқа да көптеген мәселелер көтерілді. Тұрғындары электр жүйелерінің алаңдатырлық жағдайы, жедел-жәрдем көлігінің жоқтығы, жол белгілерінің болмауы, балалар ойын алаңдарының қажеттігі туралы әлеуметтік маңызы бар мәселелердің бар екенін ашып айтты.

Тұрғындарды мұқият тыңдаған аудан басшысы бірқатар мәселелерді сол жерде бірден шешіп, ал қордаланып қалған және зерттеуді қажет ететін күрделі проблемалардың бірте-бірте шешімін табатынына сендірді.

Жалпы есептік кездесуге қатысқан ауыл халқы жаңа форматтағы жүздесудің көңілден шыққанын айтты. Өз пікірін былайша білдірді.

– Кездесуде жерлестерім проблемаларын еркін түрде айтуда. Әкімнің есебіне бірінші рет келіп отырған жоқпын. Осындай кездесулер көп болуы керек. Бүкпесіз, ашық диалог болды. Біздің мәселелеріміз шешіледі деп үміттенеміз. Халыққа жақын болу – бұл өте жақсы. Мұндай кездесулер билікке деген сенімді арттырады, – деп ағынан жарылды Қараағаш ауылдық округіне қарасты Ынталы ауылының тұрғыны Хасен Мұздыбаев.

ЖАС КӘСІПКЕР ӨЗ ІСІН БАСТАДЫ

Ұлытау ауданы әкімінің жас кәсіпкерлерді қолдау мақсатында берілетін гранты биыл да өз жеңімпаздарын тапты. Солардың бірі – Маржан Аханова. Ол өзі ұтып алған грантқа аудан орталығынан «Academ IT school» ақпараттық технологиялар білім беру орталығын ашты.

Кәсіпкердің жаңа бастамасын аудан әкімінің орынбасары Алмаз Қайырбекулы мен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әлімбек Жандарбеков құттықтап, қадамына сәттілік тілеп, лентасын қиды.

– Біз орталықта компьютерлік сауатын ашуға ниетті жандарды жас ерекшелігіне қарай бөліп, топпен оқытамыз. Тек бағдарламалау курстары ғана емес, барлық компьютерлік сауат-

тылық бойынша жүргізілетін бағыттар бойынша жұмыстар атқарамыз. Бір топта 8 адамнан бастап оқытылу көзделуде. Интернет желісі қарқынды жұмыс жасап тұрғандықтан, барлық қолданушыға қолжетімді. Болашақта үлкен калалардан тренерлер шақырту арқылы курс жүргізетін боламыз. Орталықта жаңа ОЗУ 8 гб, HDD 1 ТБ болатын үш ноутбук, екі компьютер жинағы мен оған қоса 3D модельдеуді жүзеге

асыратын принтер, VR-360 көзілдірігі, Статтық энергоқуаттағыш (UPS), түрлі-түсті принтер, тақта whiteboard, 3-те 1 принтер орналастырылған, – дейді жас кәсіпкер Маржан Аханова.

Бұл орталық 2022 жылдың 17 маусымынан бастап өз жұмысын бастайтын болады. Алғашқы топ Халықаралық STEAM олимпиадасына дайындалып жатқан оқушылар құрамы болмақ.

Газетіміздің бұған дейінгі санында «Казцинк» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Жәйрем кен байыту комбинаты» акционерлік қоғамы кәсіподақ ұйымы Қаражал-Жәйрем өңіріндегі балаларға «Балаға – лагерьге жолдама сыйла» акциясын ұйымдастырғанын жазған болатынбыз. Бүгінде сол шара жүзеге асырылып, балалар ақ бас Алатаудың етегінде демалып жатыр.

БАЛАЛАР «МАРАЛ-САЙДА» МАСАЙРАП ЖҮР

«Казцинк» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Жәйрем кен байыту комбинаты» акционерлік қоғамы мүшелерінің кішкентай балапандары Алматы облысындағы Іле Алатау ұлттық паркінде орналасқан «Марал-сай» балалар лагеріне 14 күнге демалысқа келді. Табиғаты тамаша, ауасы керемет, таңғажайып жерге орналасқан 111 баланың қуанышында шек жоқ. Мұнда балалар күніне 5 мезгіл паркінде орналасқан «Марал-сай» балалар лагеріне келген 6 бала бар. Олардың қуаныштан төбелері көкке жетпей жүр. Ал балаларға



Орайы келгенде айта кетейік, демалыс лагеріне келген 111 баланың қатарында «Балаға лагерьге жолдама сыйла» акциясымен келген 6 бала бар. Олардың қуаныштан төбелері көкке жетпей жүр. Ал балаларға

қуаныш сыйлаған «Өндірісші волонтерлар» және «Мейірімді аналар» тобының волонтерлары мен «Жәйрем кен байыту комбинаты» акционерлік қоғамы цехтарының басшылары.

Аймақ жаңалықтарымен таныстырған Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ



Абай ƏZIMBAEV,
қалалық жұмыспен қамту орталығының директоры:

Халықты жұмыспен қамту бүгінгі қоғамның нөмірі бірінші мәселесіне айналғаны қашан. Оны шешудің түрлі жолдары қарастырылып, қаншама жобалар жүзеге асырылып жатыр. Бірақ, жұмыссыздар армиясының қатары азаяр емес. Неге? Осы сауалға жауап іздеген біз Жезқазған қалалық жұмыспен қамту орталығының директоры Абай ƏZIMBAEVқа қоңырау шалып, мысты шаһарда жұмыссыздық мәселесі мен онымен күрес қалай жүріп жатқандығы жайлы сұхбат құрған едік.

«БІЗДЕ БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ ҚАРАСТЫРЫЛҒАН»

– Абай Әділбекұлы, жалпы жұмыссыздық проблемасы дамушы елдерде ғана емес, дамыған елдерде де өзекті саналады. Себебі, халық санының табиғи өсімі мен азаюы біркелкі жүрмейді. Зейнетке шыққан мамандардың орнын лезде алмастыру да оңай шаруа емес. Осы тұрғыдан келгенде Жезқазған қаласында қазір қанша адам жұмыссыз деп саналады?

– Жыл басынан бері халықты жұмыспен қамту орталығына 1640 адам өтініш білдіріп, соның ішінде 934 адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

768 адам жұмыссыз ретінде тіркеуде тұр. Бірақ, бұл барлығы жұмыссыз дегенді білдірмейді. Бұл адамдардың ішінде мемлекеттік бағдарлама бойынша белсенді шараларда жүргендер бар. Мәселен, ақылы қоғамдық жұмыстарға 306 адам, әлеуметтік жұмыс орындарына 58 адам жіберілді. Жыл басынан 330 адамға жұмысынан айрылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем тағайындалды.

– Ресми тіркелмеген жұмыссыздар саны бұдан да көп болуы мүмкін деген де пікірлер айтылып қалады. Оған не дейсіз?

– Сұрағыңызды түсіндім. Әрине, пікір алуандығы болуы заңды. Бұл ресми мекеме болғандықтан, ресми статистикаға сүйенеміз. Ал, статистика бойынша сол 1640 адам арнайы жұмыссыз ретінде өтініш білдірді.

Иә, тұрақты жұмысы жоқ адамдар саны одан көбірек болуы мүмкін екенін жоққа шығара алмаймыз. Дегенмен, ашығын айтқанда әркім өзі үшін, отбасы үшін қарап отырмай, әрекетін жасайтыны белгілі. Сондықтан, тұрақты болмаса да екі қолға бір күрек алып, нәпақа тауып жүрген жерлеріміз баршылық.

Жалпы, жұмыспен қамту орталығының негізгі міндеті ҚР «Жұмыспен қамту туралы» Заңына сәйкес негізделген. Басты мақсат жұмыссыздықпен күрес, жұмыссыздарға тұрақты жұмыс орындары мен белсенді шараларды ұсыну. Сонымен бірге жұмыссыздарға арналған мемлекеттік барлық бағдарламаларды түсіндіру, халық арасында ақпараттандыру болып табылады. Осы орайда біздің орталықтың қызметкерлері жұмыссыз ретінде тіркелген азаматтарға хабарласып, түрлі жұмыспен қамту шараларына қатысуға шақырады. Егер мемлекет тарапынан ұсынған шараларға қатыспай, бас тартса, онда тізімнен шығарылады, түрлі қолдау шараларын көре алмайды. Жасыратыны жоқ, ұсынылған жұмыстардан бас тартып, жұмыссыз ретінде ресми тіркелісі келмейтін азаматтар баршылық.

– Жөн екен. Ал енді, жұмыссыз ретінде тіркелген осы тұрғындарға орталық тарапынан қандай қолдау шаралары ұсынылуда?

– Бұл бағыттағы жұмыс ауқымды. Мәселен, 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі Ұлттық жоба аясында көптеген белсенді шаралар жүзеге асырылып жатыр. Атап айтар болсақ, «Жастар практикасы» және «Алғашқы жұмыс орындары», «Ұрпақтар келісімшарты» бағдарламалары 29 жасқа дейінгі жастарға арналған. Бұл жерде мамандығы бойынша жолданады, айлық жалақысы 30 айлық есептік көрсеткіш, яғни 95400 теңге көлемінде.

«Ақылы қоғамдық жұмыс орындары» бағдарламасы бойынша жұмыссыз ретінде тіркелген адам 12 айға дейінгі уақытқа жолданады. Жалақы көлемі – 60000 теңге. «Әлеуметтік жұмыс орындары» – бұл субсидияланатын жұмыс орындары.

Тағы бір тиімді жоба ол – «Күміс жас» жобасы. Бұл жоба жаңадан ұсынылып отыр. Яғни, зейнет жасына 2 жыл қалған жұмыссыз азаматтарды қолдау мақсатында үкімет тарапынан субсидияланатын жұмыс орны. Жалақы көлемі 30 АЕК (95400) теңге. 1 жылға дейін үкімет қаржыландырады. Қалған 1 жылды жұмыс беруші тарап төлейді.

Мұның сыртында жұмыссыздар «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік сүй-

гіздерге оқытылады. Жұмыссыздарға берілетін өтеусіз негізде мемлекеттік грант өз алдына...

– Қазір грант беріліп жатыр ма? Билтыр қанша адам грант алды?

– 2021 жылы жұмыспен қамту орталығы арқылы жұмыссыз 158 адамға мемлекеттік қайтарымсыз грант берілді. Соның ішінде 77 жас кәсіпкер өз жеке бизнестерімен айналысып жатыр.

Жастар ресурстық орталығының берген ақпаратына сәйкес, 2021 жылы 17 жас кәсіпкер қала әкімінің грантына қол жеткізген.

Үстіміздегі жылы грант мөлшерінің көбейгені өздеріңізге белгілі. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 400 айлық есептік көрсеткішке (1272000 теңге) көтерілді. Алайда, бүгінгі таңға дейін мемлекеттік грант беру қағидасының министрлік тарапынан бекімеуіне байланысты тоқтап тұр.

Маусым айынан бастап «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік оқуына оқытуды, сонан соң гранттарды ойнатуды бастаймыз деп жоспарлап отыр. Айта кететін жайт, гранттар беру қағидасына сәйкес талаптар да күшейтілуде. Биылғы жылы жастар арасында жұмыссыздықты жою мақсатында гранттардың басым бөлігі 29 жасқа дейінгі жастарға арналған.

– Бизнес жоспары өтпей қалған азаматтарға мүмкіндік беріле ме?

– Әрине. Жалпы биыл грант беру жастары 80 адам. Оның ішінде 66-сы жастар. 6 кезеңге бөлініп ойнатылады. Егерде бірінші кезекте комиссия қаралымынан өтпей, кері қайтарылған азаматтар басқа да кезектерге бизнес-жоспарларын өңдеп, қайта тапсыра алады. Грант беру қағидасына сәйкес мекеме басшылары мен қоғамдық ұйымдар басшыларынан тағайындалған арнайы комиссия мүшелері құрылған. Комиссия мүшелерінің оң нәтижесін алған үміткерлер ары қарай өз бизнестерін ашуға мүмкіндік алады.

Әлінде айтып өткенімдей, грант берудің жаңа қағидалары бекітілген. Сол қағидаға сәйкес бұл гранттар жастар және халықтың әлеуметтік осал топтарындағы азаматтар, оның ішінде, атаулы әлеуметтік көмек алушылар, көп балалы отбасылар, қоныс аударушылар, қандастар, мүгедектігі бар адамдар және мүгедек баланы тәрбиелеушіге берілетін жәрдемақыны алатын жұмыссыз азаматтар үміткер бола алады.

– Жұмыспен қамтылудың бір жылы мамандықтар бойынша оқу екенін айтып қалдыңыз. Осы бағытта қысқа мерзімді кәсіптік оқыту курстары қашан басталады?

– Иә, тұрғындардан жиі қойылатын сұрақтардың бірі де осы. Үстіміздегі жылы қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға 38 адам жоспарға қойылған. Қазіргі таңда барлық жұмыссыз азаматтар арасынан оқуға ниет білдіргендер іріктеліп алынды. Маусым айының басынан бастап жолдама беріледі. Негізінен төрт жақты әлеуметтік келісім шарт бойынша тігінші, аспазшы, слесарь, кондитер мамандықтары бойынша оқытылады. Бұл дегеніміз оқуды бітірген соң тұрақты жұмыспен қамтылады. Бітірген мамандықтарға сұраныс бар деген сөз.

– Кәсіп ашпайтын, бірақ, жұмыс істегісі келетін азаматтар да бар ғой. Оларды жұмыспен қамту жағдайы қалай болып жатыр?

– Қазіргі таңда жұмыспен қамту орталығында жұмыс берушілер тарапынан 315-ке жуық бос жұмыс орындары тіркелген. Мамандығы болған жағдайда мамандығына сәйкес тұрақты жұмысқа жолдама беріледі. Бұл атқарылып жатқан барлық жұмыстар «Электронды Еңбек Биржасы» арқылы электронды түрде жүзеге асады.

Мұның сыртында, сөзімің басында айтып өткенімдей субсидияланатын, яғни, жалақысының жартысы мемлекет тарапынан төленетін жұмыс орындары бар.

– Зейнет жасына жеткен адамдардың орнына мамандар дайындайтын арнайы бағдарлама бар ма?

– Әрине бар.

– Бар болса, бұл жобала кімдер қа-

тыса алады және қатысу үшін қандай құжаттар қажет?

– Ол жоба – «Ұрпақтар келісімшарты» деп аталады. Бағдарламаға 29 жасқа дейінгі жастар қатыса алады. Мұндағы мақсат – жас мамандарға жұмыс ұсыну әрі зейнеткерлікке шығатын мамандардың орнын ауыстыру процесіне дайындық. Диплом алған жастардың бірден жұмыс тауып кете алмайтыны бәрімізге белгілі. Ал кейде, керісінше, өз ісінің кәсіпқойы саналатын, зейнет жасына жетіп қалған маманның орнына адам табу да оңай емес. Сондықтан, зейнет жасына шығуға 6 ай қалған маманның орнына жас маманға жолдама беріледі, 6 ай бойы ол тәжірибеден өтеді, үкімет тарапынан 30 АЕК (94500 теңге) көлемінде жалақы тағайындалады. Ары қарай сол орында тұрақты жұмыспен қамтылады. Керек құжаттар өзін куәландыратын жеке куәлігі мен қатар білімін куәландыратын дипломы болса жеткілікті.

– Мемлекет басшысы жасы 70-ке келсе де жұмыс істеуге қабілеті бар, білікті азаматтарды жұмысқа тарту керек дегенді айтты. Бұл бағытта нақтылы бір бағдарлама жасалынған ба?

– Өкінішке орай мұндай бағдарлама бізде жоқ. Егер де нақты нормативтік-құқықтық актілермен бекітіліп жатса, неге орындамасқа. Ол болашақтың еншісінде.

– Жаңа бір сөзіңізде оқу бітіріп келген жастардың бірден жұмысқа орналысып кетуі қиын екенін айтып қалдыңыз. Солар сияқты зейнет жасына тақпап қалған жұмыссыз жандардың да жұмысқа орналасуы оңай емес-ау. Бұл мәселе қалай иешіліп жатыр?

– Иә, сұрағыңыз орынды. Бірақ мұның да шешімі табылды. Бұл кісілерге арнап «Күміс жас» жобасы қолға алынды. Бұл да жаңа жоба. Ол зейнеткерлік жас алдындағы адамдарды жұмысқа орналастыру мақсатында құрылған. Нақты айтқанда, зейнет демалысына шыққанға дейін 2 жыл мерзімі бар жандардың нәпақа табуына орайластырылған. Себебі, өзіңіз айтқандай, жасы келіп қалған кісілердің жұмысқа орналасуы қиын екені даусыз. Көп жұмыс беруші оларды жұмысқа ала бермейді. Міне, бұл осы келенсіздікпен күресу үшін қолға алынған жоба бұл. Жобаға қатысу мерзімі 1 жылдан аспайды. Оған аты айтып тұрғандай, зейнет жасына дейінгі жұмыссыз азаматтар қатысады. Жалақы мөлшері, ай сайынғы субсидиялар мөлшері, экологиялық үстемәқылар бойынша төлемдерді есепке алмағанда, салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды және пайдаланылмаған еңбек демалысына өтемақыны ескергенде жалақы мөлшерінің жартысын құрайды, бірақ 30 айлық есептік көрсеткіштен аспайды. Сонымен қоса, жобаға қатысу мерзімі аяқталғаннан кейін жұмыс беруші ол маманды зейнеткерлікке шыққанға дейін тұрақты жұмысқа қабылдай алады. Жобаға қатысу үшін өтініш, қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, еңбек кітапшасы (бар болған жағдайда) және дипломы қажет. Бұл жоба жаңадан ұсынылып отыр. Яғни зейнет жасына 2 жыл қалған жұмыссыз азаматтарды қолдау мақсатында үкімет тарапынан субсидияланатын жұмыс орны.

– Соңғы сауал, енді бірер айдан кейін жоғары және арнаулы оқу орындарын бітірген жастар ағылып келе бастайды. Оларды жұмыспен қамту жағдайы қалай ойластырылып отыр?

– Әңгіме барысында айтып өткен «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орындары» және «Ұрпақтар келісімшарты» бағдарламалары осы 29 жасқа дейінгі жастарға арналған. Бұл жерде олар мамандығы бойынша жолданады, айлық жалақысы 30 АЕК (95400 теңге) көлемінде. Жаңадан бітіріп келген жас мамандар болсын немесе оқу орнын үш жыл ішінде бітірген, еш жерде жұмыс істемеген жастар болсын бұл бағдарламаларға қатыса алады.

– Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан
Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ.

MT

ІАҚПАРАТ АРНАСЫ

Қызметте қаза тапқан және мүгедек болғандардың балалары кез келген ЖОО-да тегін оқиды – Мәжіліс

Қуш құрылымдарының қаза тапқан қызметкерлерінің балалары мен туыстары үшін бірқатар әлеуметтік жеңілдіктер заңға енгізілді. Бұл туралы Мәжіліс депутаты, заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі Гүлнар Бижанова айтты, – деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

Мәжіліс отырысында «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметін өткеру тәртібін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы екінші оқылымға шығарылды. «Халқымыз «өлі разы болмай, тірі байымайды» дейді. Мемлекет қызметін орындау кезінде қаза тапқан қызметкерлердің отбасына ерекше қамқорлық жасауы тиіс. Қантар айының қатал күндерінде нақ солар біздің Тәуелсіздігімізді сақтап қалды. Халықтың қауіпсіздігі үшін өз өмірі мен денсаулығын құрбан етуге батылдык пен дайындығын көрсетті. Еліміз олардың алдында қарыздар деп санаймыз. Бұл туралы Мемлекет басшысы бірнеше рет атап өткен болатын», – деді Г. Бижанова Мәжілістің жалпы отырысында. Спикер қызметін орындау кезінде қаза тапқандардың отбасы, балалары және жақын туыстары назардан тыс қалмауы керектігін айтты. Сондықтан барлық күштік құрылымдардың қаза тапқан қызметкерлерінің балалары мен туыстары үшін бірқатар әлеуметтік жеңілдіктер бойынша түзетулер қолдау тапты. «Біріншісі – қызметін орындау кезінде қайтыс болған қызметкердің отбасына ай сайынғы төлемдер қайтыс болған қызметкердің ақшалай қаражаты негізінде төленеді. Мұндай төлемдерді ауыр жаракат алуына байланысты органдарда қызметін жалғастыра алмайтын қызметкерлер де алатын болады. Бұл өтініштерді биылғы ақпан айында Алматыға сапарымыз кезінде қантар айындағы шайқастарда жараланған құқық қорғау органдары қызметкерлері айтты», – деді Г. Бижанова. Екіншісі – қаза тапқан және мүгедек болған қызметкерлердің балаларына арналған мемлекеттік гранттар. Олар еліміздің кез келген жоғары оқу орнында тегін жоғары білім ала алады. «Үшіншісі – қызметкердің өз міндеттерін орындау және сот төрелігін жүзеге асыру кезінде мүлкіне келтірілген залалды өтеудің қосымша шаралары бойынша түзетулер қолдау тапты. Бұл адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттің азаматтар алдындағы әлеуметтік жауапкершілігінің бір бөлігі деп ойлаймыз», – деді Гүлнар Бижанова.

Цифрландыру арқасында емханалардағы кезек 2 есеге қысқарды – вице-министр

Саланы цифрландыру арқылы емханалардағы кезек 2 есеге қысқарды. Бұл туралы ҚР Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі Марат Шоранов Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына мүше мемлекеттері Денсаулық сақтау министрлерінің бесінші кеңесінде айтты, – деп хабарлайды ҚазАқпарат ведомство сайтына сілтеме жасап.

Марат Шоранов форум қатысушыларын елдегі жоғары технологиялық медициналық көмектің дамуы туралы хабарлар етті. Ол Қазақстан «Дені сау ұлт» жобасын іске асыра отырып, медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасына ерекше назар аударатынын атап өтті. Сондай-ақ, денсаулық сақтау ұйымдарын қажетті IT инфрақұрылыммен қамтамасыз ету туралы айтты. «Цифрлық денсаулық сақтауға көшудің арқасында мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық құжаттаманы қағазсыз жүргізумен қамтылуы 100% деңгейге жетті, емханалардағы кезек 2 есеге қысқарды», – деді Марат Шоранов. Еске салсақ, Қазақстанда денсаулық сақтау технологияларын бағалайтын мамандар дайындау ісі қолға алынды.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселелері бойынша жаңа заң әзірленеді

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселелері бойынша жаңа заң әзірленеді. Бұл туралы Мемлекеттік комиссияның мүшесі Исидор Борча Швиц төрағалық еткен жұмыс тобының отырысында айтты.

Жиында қазіргі қолданыстағы материалдарда бірқатар проблемалардың бары сөз болды. Салдарынан Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының бірқатар санаты қолданыстағы заңға енгізілмеген. Сонымен бірге, қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау туралы заң тұжырымдамасының жобасы талқыланды. Жұмыс тобының жетекшісі, жылдың соңына дейін сапалы әрі тиімді құжаттың әзірленетінін жеткізді.

Қазақстанда екі ресейлік техникалық жоғары оқу орындарының филиалы ашылады

Қазақстанда екі ресейлік техникалық жоғары оқу орындарының филиалы ашылады. Бұл туралы Білім және ғылым министрлігінің бұйрығы «Ашық НҚА» сайтында жарияланды, – деп хабарлайды «Адырна» ұлттық порталы.

«МИФИ Ұлттық ядролық зерттеу университетінің филиалы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің базасында, ал И. М. Губкин атындағы Ресей мемлекеттік мұнай және газ университетінің филиалы С. Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің базасында құрылады», – делінген құжатта.

Филиалдардың білім беру бағдарламасына қазақ тілі мен Қазақстан тарихы пәндері енгізіледі. Бұйрыққа сәйкес, оқу мерзімі Қазақстандағы филиалдарда 2 немесе 3 жыл, ал Ресейдегі бас университет базасында 1 немесе 2 жылға жоспарланған.

«Білім беру процесі бас жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамын тарта отырып ұйымдастырылады. Олардың әрбір филиалдағы үлесі кемінде 50% болмақ. Филиалдар мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберіндегі қаражат, ғылыми жобаларды қолдау, инвестициялар және тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қаржыландырылады», – деп жазылған бұйрықта.


Филиалдар өз қаражаты немесе өзге де қолдау көздері есебінен студенттерге грант, стипендия мен басқа да төлемдер жасайды.

ҚазАқпарат. «Ұлттық арна», «Адырна» сайтынан.



1992 жылдың 4 маусымында Қазақстанның жаңа Мемлекеттік рәміздері туралы заң қабылданып, алғаш рет бекітілді. Бұл күн ел тарихында жаңа мемлекеттік рәміздер күні ретінде мәңгі есте сақталады. Биыл Мемлекеттік рәміздеріміздің бекітілгеніне 30 жыл толады.

РӘМІЗДЕР – ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰМАРЫ



Еліміздің көк Байрағы дүниежүзіндегі ең әдемі тулардың бірі саналады. Туды жасаумен 600 адам шұғылданып, комиссия қарауына 1200 рәміздер нұсқасы ұсынылған екен. Нәтижесінде 1992 жылғы суретші Шәкен Ниязбековтің жобасы жеңімпаз атанды. Егемен Қазақстанның бүгінгі Елтанбасы ерекше өнерлі сәулетшілер Жандарбек Мәлібеков пен Шота Улихановтың қолынан шыққан. Тәуелсіз қазақстанның алғашқы Әнұранының авторлары – Мұқан Төлебаев, Евгений Брусиловский және Латиф Хамиди. 2006 жылы жаңа Мемлекеттік әнұран қабылданды. Ойласқан шешім негізінде «Менің

Қазақстаным» жаңа Әнұран негізіне айналды. Алғашында патриоттық ән ретінде халық жүрегіне жол тапқан бүгінгі Әнұранымыздың әнінің авторы – Шәмші Қалдаяқов, сөзін жазғандар – Жүмеке Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекеттік Рәміздерімізге 30 жыл толған мерейлі күнде жезқазғандықтар да қала көшелерін дүбірге бөледі. «Ғарышкерлер» бақжолындағы Кетбұқа жырауға арнап орнатылған ескерткіш алдына жиналған жұртшылық Әнұранымызды әуелетті.

Жезқазған қаласының мамандандырылған күзет қызметі басқармасының қызметкерлері Туымыз бен Елтанбамызды ортаға алып шығып, сап түзген сәтте кім-кімнің де жүрегі мақтаныш сезімі кернегені сөзсіз.

– Бүгінде Қазақстанның рәміздері бүкіл әлемге танымал. Бұл біз үшін зор мақтаныш және патриоттық рухымызды асқартып, Отанға деген сүйіспеншілігімізді күшейтеді. Елтанбамыз, Туымыз, Әнұранымыз қазақстандықтардың тек прогреске ұмтылысы жолындағы жеңістері мен жетістіктерінің белгісі болсын! – деп ақ тілегін ақтарған қала әкімі Қайрат Әбсәттаров бейбіт еліміздің мәңгі жалғасуын тіледі.

Қала белсенділері, жастар мен оқу озаттары жиналған шеру патриоттық әндермен жалғасты, мың бұралған бишілер ұлттық биден шашу шашты. Іс-шара соңында Көк Туды желбіреткен 30 автокөлік қала көшелерін аралап, ұлттық рухымызды асқартата түсті.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН. (МТ)



ӨН БОЙЫНА ӨНЕР ТҰНҒАН ЖАС ӨРКЕН

Баланың бойында көшбасшылық қасиет 3 жасстан бастап қалыптасатын көрінеді. Нақты толысатын сәті мектеп қабырғасында екен. Демек, баланы жастайынан бақылап, қабілет-қарымын анықтай білу, соған сай бағыт-бағдар беру аса маңызды. Жастайынан бойына сегіз қырлы, бір сырлылық қасиетті сіңіріп, қатарластарының алдын бермей жүрген жастың бірі – Назира АЙМАҒАНБЕТОВА.

Аймағымыздағы, жаңа облыс төріндегі бірден-бір жоғары оқу орны Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау мамандығының 2-курсын тәмамдаған Назираның есімін университет оқытушылары мақтанышпен атады.

Назира оқушы кезінен-ақ алғырлығымен көзге түсіп, ұстаздарын қуантты. Сәтбаев қаласында № 16 жалпы білім беретін мектебін «Алтын белгімен» аяқтады. Жаратылыстану бағытымен қатар гуманитарлық салаға да біршама жақын болып өсті. Көркем әдебиетті оқуға жаны құмар өрімтал қыз ақынжанды болды. Қазақ әдебиетінің классиктерінің шығармаларын оқи жүріп, өзінің де өлең жазуға деген қызығушылығы оялды. Оның бойындағы әдебиетке құмарлық ұстазы ҚР Жазушылар одағының мүшесі Мұса Тілеуовтің жол сілтеуімен дами түсті.

2020 жылы мектебінен канат қағып, Жезқазған университетінің білім грантын иеленді. Назира осынау қарашаңырақ арқылы ғылым айдынында еркін жүзуге мүмкіндік алды. ЖезУ-дағы жолбасшысы – т.ғ.к., доцент Ардақ Ахметбекова. Ардақ Мажитқызының жетекшілік етуімен Республикалық ЖОО студенттері арасындағы ғылыми жобалар байқауында екі дүркін 2-орынға ие болды. Білімге құштар ару, қоғамдық іс-шараларда да айрықша белсенді. ЖезУ-да ұйымдастырылатын барлық қоғамдық жұмыстардың басы-қасында жүріп, тәрбие саласына жауапты Гүлжазира Ақубаева апаиының қасынан табылатын

ол қиындықтан қашқан емес. Республикалық жастар форумдарына да қатысып үлгерді. Елорда төріндегі Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов қатысқан пікір алмасу кездесуіне де барып қайтты. Толассыз ізденісі, қайтпас қайсарлығы арқасында Жезқазған қаласы әкімінің «Жылдың жас ғалымы-2021» номинациясының иегері атанды. Назираның жетістігі бұнымен тоқтап қалмады. 2021 жылы ТМД студенттері арасындағы «Жас ғалым-2021» төсбелгісімен марапатталды. Бүгінде қаламыздағы белді тарихшылардың бірі Қабдол Әуезовпен бірге мектеп оқушылар дебатқа дайындап, семинар ұйымдастырып жүрген Назираның болашағына зор үміт артамыз.

Қолы қит еткенде қаламмен серік болған қыздың қиялы талған емес. Жоспар қоржынына арайлы армандарын сыйдырып, дүниенің бір бөлігіне кірпіш болып қалуды мақсат еткен Назира кыз пайымды пікір, жүйелі көзқарасының арқасында көпті тәтті етіп жүр.

Өзінен естіген бір сөзден, Көңілім аспанға ұшады. Алтынға айырбас келмейді Анамның ып-ыстық құшағы.

Әлди мен бойыма тараған, Жүректің ең жақын әнісін. Анашым қартайма ешқашан, Мен үшін өмірдің мәнісін, – деп аяулы анасын жырға қосқан талапты қыздың қанаты талмай, биіктерді бағындыруына біз деген жүректен тілектеспіз.

Ай СҮГІР.

ШАЛҚЫМАНЫҢ КОНЦЕРТІ ШАТТЫҚҚА БӨЛЕДІ

7 маусым күні Жезқазған қаласында көпке танымал «Шалқыма» өнер академиясының есептік концерті өтті. Концертте өнер жолын тәмамдап, 2-3 баланың анасы атанып үлгерген тұлелерге де сахнаға шығып билеу бақыты бұйырды.

Алты жылда сағынышқа айналған сахнаға шығулары бұрынғы мың бұралған бишілерді толқынысқа бөлегені анық. Олар үшін билеу кеше ғана өмірлерінің мәні, өнерлерінің шыңы болса бүгінде біріне табыс көзі, ал біріне тәтті естелікке айналған. Бойында бар өнерін қызғанбай жас ұрпаққа ұстаз болып жүрген бишілер де бар. Өз білгенін өзгеге үйретіп, тәжірибесімен бөлісе білудің өзі азаматтық. Айта кетсем, «Шалқыма» өнер академиясы 2014 жылы тамыз айында Галина Александровна Терехова, Елена Александровна Малутина, Юлия Петровна Белохвостова секілді ұстаздардың қолдауымен өз жұмысын бастады. Ұстаздар «Жезқазған музыкалық колледжінен» болғандықтан сол орамның көшелеріне жарнама қағаздары ілінді. Осылайша Ака-



демия бірінші сабағын қыркүйек айында 30 баламен бастап кеткен болатын. Бүгінгі күнде академияда: ән салу, би өнері, фортепиано сабақтары жүргізіледі. Оқушыларға үйретумен қатар жоғары деңгейде талап қойылатыны шағын өнер ордасы өкілдерінің халықаралық, республикалық

жарыстарда жоғары жүлделі орындарды иеленіп жүргенімен дәлелденуде. Бірақ ардагер ұстаздар бұл жетістіктерге тоқмейілісімей жасөспірімдерді өнерге баулуының тың тәсілдерін тынбай ізденіп келеді. Себебі, өнер олардың өміріне айналып үлгерген.

Әдеміау ӘЛШЕРОВА.

САХНА МӘДЕНИЕТІ ҚАЙДА?

Соңғы кездері әлеуметтік желіде таралып жатқан «Ирина Қайратовна» тобы мен Шиза лақап атымен танылған әніші Асхат Жолшиевтің сахнада көк туды келемеждегені, киелі сахнаны ластағандары елдің жағасын ұстатты. Жастардың арасында танымал әнішілердің бұдан өзге де ерсі әрекеттері жұрттың ашуын тудырды.

Олар сахнаға ішімдік ішіп шығып, жиналған көрермендерге орынсыз сөздер айтқан. Концерт тамашалауға барған жұрт топ мүшелерінің көрермендерге бос бөтелке лақтырғандарын да айтып жатыр. Сұмдықтың бәрі «Ирина Қайратовна» тобымен Шиза атын бүркемелеген «әншісымақ» Асхат Жолшиевтің «Көк ту» әнін орындауынан басталған. Жүздеген адам жиналған концертте Шиза еліміздің көк байрағын мыжып ұстап, кейін лақтырмақ болған. Алайда, сахна сыртындағы ұйымдастырушылардың бірі оған бұл ерсі қылығы үшін әкімшілік жауапкершілік қарастырылғанын айтып, қолындағы туды алып кетеді. Ал, Ирина Қайратовна тобының мүшесі Азамат Маркленов Шизаның бұл қылығын келемеждегендей, бар даусымен күлген. Ал, қоғам белсенділері сахнаны қорлап, шектен шыққан мұндай әнішілерді өнер ортасынан алыстату керек екенін жазуда.

Нұрлан АЛБАН, эстрада жұлдызы: – Олардың қосып жатқан үлесі мынау ма, үлгісі осы ма? Мынаған тоқтау салатын құзырлы орган, жо-

ғарғы министрліктен тоқтау салатын адам жоқ па? Кейін топ мүшесі Азамат Маркленов сахнадағы қылықтары үшін бүкіл қазақстандықтардан кешірім сұрады.

– Өзімді сахнада мәдениетсіз ұстағанымды, ішімдік ішкенімді мойындаймын. Бұл менен кеткен үлкен қателік. Енді қайталанбайды деп уәде берем сіздерге. Жаман ниет, жаман ой ешқайсымызда болған жоқ, кешіріңіздер, – дейді ол бейнеүндеуінде.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік хатшысы Ерлан Қарин мемлекеттік рәміздерді қорлаған әрекеттері үшін құқықтық-нормативтік актілерге сай жауапкершілікке тартылуы керек деді.

«Жаңа Қазақстан! Референдум! Ел боламыз!» деп атойлап ұрандағанды жақсы көреміз. Алайда, осындай арзан атак үшін, сахна мәдениетін қор қылған әнішісымақтардың тірліктері озық мәдениетті ел болудан алшақтатып бара жатқанын естен шығарып алғандаймыз. Бұлардың ісі қазіргі таңда өршіп тұрған сахнадағы жабайылықтың бір шеті ғана. Адам аузы

бармайтын, естіген құлақ ұялатын, адам шошырлық анайы сөздерді еш шімірікпестен айқайлай айтып, оған жиналған жұртшылықтың қошемет соғып жатқанына да талай куә болдық. Парламент отырысында депутаттар мемлекеттік рәміздерді қорлап, сахна мәдениетін сақтамағандарды заң алдында жауапкершілікке тарту мәселесін көтерді. Ендігі – аталған бастама аяқсыз қалмаса болғаны. «Әннің де естісі бар, есері бар, тыңдаушының құлағын терсері бар» деген Абай ағамыз бүгінгінің сұмдығын көрсетсе, не дер екен деген ой келеді осындайда.

Қазіргі жастардың біздің ата-анамыз сүйіп тыңдайтын Шәмшінің әндерін көп тыңдамайтыны белгілі. Мүлде қате көзқарас, соған сай төмен талғам, яки, ән де, би де, сөз де сондай. Әндердің ұйқасын сөз қылу тіптен артық. Ұйқас дейтін ұйқас та таба алмайсың ғой.

Жә, айта берсек, әңгіме таусылмайды. Дегенмен көп асқанға бір тосқан болуы қажет-ақ. Сахна мәдениетінен жұрдай осындай жұлдызсымақтар келешектегі қазақ мәдениетін тып-тыпыл етпесіне кім кепіл?! Ендеше мемлекеттің дер кезінде осы бір жүйесіздікті қолға алғаны жөн болар еді.

Жадьра ҚАЛИЕВА.

Жақсы жан жайлы үзік сыр



Тұрар Мейірманқызы Тайжанова 1947 жылы Жезді ауданында дүниеге келген. 1973 жылы Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық институтына түсіп, оны 1978 жылы «Кітапхана ісін жүргізу және библиография» мамандығы бойынша бітірді. Өзінің еңбек жолын 1964 жылы Жезді аудандық мәдениет бөлімінде автоклуб меңгерушісі болып бастады. Балалар кітапханасында кітапханашы, Ұлытау селосындағы аймақтық кітапхана меңгерушісі, аудандық кітапхана әдіскері, аудандық мәдениет бөлімінің инспекторы, облыстық кітапхана библиографы болып қызмет атқарды. Тұрар Мейірманқызы 1982-2010 жылдар аралығында Жезқазған қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің білікті басшысы болды. 2010-2011 жылдары Жезқазған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің М. Өуезов атындағы кітапхана филиалында меңгеруші болып қызмет атқарды.

1976 жылы орталықтандырылған кітапхана жүйесі құрылып, құрамында 22 кітапхана болған. 1990 жылдардың басындағы тоқырау кезеңінде түрлі қиындықтарға шыдай алмай көп мамандардың амалсыздан қызметтерін ауыстырғандары да шындық. 1997 жылы қалада М. Өуезов атындағы қалалық орталық кітапхананың №2, №7 кітапхана филиалдары ғана қалды. Жабылған 19 кітапхана-филиалдарының қоры Орталық кітапханаға әкелініп, мұқият түрде тексеріліп, сөрелерден орын алды. «Оңтайландыру» кезінде әр басылымға жанашырлықпен қарап, білім бұлағының нәріні қазіргі ұрпаққа жеткізіп, халқымыздың рухани қазынасы – кітаптары сақталып қалды. Сол бір өтпелі кезеңнен Тұрар Мейірманқызы Тайжанова секілді өз ісіне шынайы берілген, кітапхана мамандығын жан-тәнімен сүйетін жандар ғана сүрінбей өткені баршаға аян.

Ол 2006-2008 жылдары ауыл тұрғындарына қызмет көрсетуді жақсарту мақсатында үлкен қамқорлық жұмыстарын жүргізді. Теректі Малшыбай, Кенгір, Талап, Қорғанбай селоларындағы кітапханаларды ашуда көп күш жұмсады.

2009 жылы заманауи ақпараттық технологиямен жабдықталған, заман талабына сай қызмет көрсету мақсатында №9 модельді кітапхана-филиалын ашты.

Кітапханалық жұмыстардың бұрынғы дәстүрлі әдістері мен бағыттары жаңа мағына мен соңғы үлгіге ие болды. Кітапхана қызметін модернизациялау негізінде «Библиотека-4.02» кітапханалық электрондық бағдарламасын жетілдіріп, «РАБИС» атты электрондық бағдарламасына ауыстырып, кітапхананың жан-жақты анықтама аппаратының негізінде оқырмандарға сапалы ақпараттық-библиографиялық қызмет көрсетуге үлесін қосты.

М. Өуезов атындағы кітапханада «Әдеби-ақпарат» орталығы алғашқыларының бірі болып құрылуына Тұрар Мейірманқызының еңбегі едәуір.

Республикамызға танымал жазушы, ақын, әншілердің көбінің Тұрар Мейірманқызы басқарып отырған кітапханаға атбасын бұрғанын мақтанып айтамыз. Айта кетсек, әнші, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Бекболат Тілеуханов, халық ақыны, жазушы Фариза Оңғарсынова, әнші Татьяна Бурмирова, жазушылар Бексұлтан Нұржеев, Глия Жақанов, Қазақтың белгілі ақыны Кәкімбек Салықов, жазушы, ақын Ғалым Жайлыбай.

Тұрар Мейірманқызы қаланың қоғамдық жұмыстарына да белсене араласты. Өзін өте білікті, білімді, басшы ретінде таныта білді. Ұйымдастырушылық қабілеті мол. Зор бедел-абырой иесі. Оның есімі қаладағы кітапхана басшылары арасында ерекше құрметпен аталды. Үнемі жұмыстың жаңа әдістерін, озық үлгілерін жүзеге асыруға ұмтылып отыратын.

Кітапхана ісін дамытудағы зор еңбегі әрі қоғамдық жұмыстарға белсене араласқаны үшін КСРО Мәдениет министрлігінің «Үздік еңбегі үшін» белгісімен марапатталды (1976 ж.). Халыққа қызмет көрсетудегі табыстары үшін бірнеше рет қала, облыс басшыларының алғыстарына ие болды. 1994 жылы Жезқазған қалалық маслихатының депутаттығына сайланды.

2000 жылы – Мәдениетті қолдау жылы аясында Жезқазған қаласында мәдениетті, өнерді,

тарихи жәдігерлерді, ұлттық дәстүрді жаңғыртуға бағытталған игі шараларды көптеп өткізуге қосқан үлесі үшін Алғыс хатпен марапатталды.

2003 жылы ҚР Мәдениет министрлігінің және өнерді қолдау мемлекеттік қорының «Мәдениет қайраткері» белгісімен марапатталған.

Тұрар Мейірманқызы өткізілетін іс-шараның сапасына, кітапхананың және оның филиалдарының эстетикалық жағынан көркем безендірілуіне ерекше көңіл бөлетін. Оның таусылмас қажыр – қайратының арқасында кітапханада әдеби тағы басқа қызықты клубтар оқырмандарға есігін айқара ашты. Кітапхананы жаңа технологиямен қамтамасыз етуге ерекше назар аударды.

Жолдасы Төлегенмен шаңырақ көтеріп, дүниеге Марат есімді ұлды әкелді. Асыл жар, ардақты ана, екі немеренің аяулы әжесі еді.

Жарты ғұмырын рухани киелі орда кітапхана саласына арнаған білікті маман 28 жыл М. Өуезов атындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесінде басы болды. 2021 жылдың 20 қаңтарында 73 жастан асқан шағында сұм ажал қимас әріптесімізді алып кетті...

Кітапханашы мамандығын мақтан тұтар мамандық иесі Тұрар Мейірманқызы тірі болса биыл сегізінші маусымда 75 жасқа толар еді... Аяулы Тұрар Тайжанованың есімі әріптестер жайында мәңгі қалады.

Қайыргүл ЕЛУБЕКОВА,
Жезқазған қаласының
орталықтандырылған кітапханалар
жүйесі директорының орынбасары.



МАҚСАТЫМЫЗ – КӨШБАСШЫЛАР ДАЙЫНДАУ

Кәсіптік және техникалық білім берудің жүйесі жаңғыртылып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алды. Мемлекет техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің дамуына, кәсіптік және техникалық оқу орындарындағы мамандықтардың маңыздылығына мән беруде.

Қоғамдық өмірдің барлық саласында ұлттық және әлемдік жетістіктерді қабылдау мен дамытуға қабілетті, құзырлы тұлғаны қалыптастырусыз дамыған, кемелденген мемлекет болу мүмкін емес. Сондықтан да келесі кезеңге техника тегіні игерген, бизнес ісін меңгерген білікті, білімді мамандармен кемелденген мемлекет болуға қосар өз үлесі бар кәсіптік-техникалық мамандар дайындау ісіне мемлекет тарапынан үлкен қолдау көрсетілуде. Осы орайда, Жезқазған бизнес және көлік колледжі осы өңірдегі теміржол және автокөлік, бизнес, туризм саласындағы білікті мамандар дайындайтын, инновациялық бағыттағы кәсіптік білім беретін білім ордасының бірі болып отыр. Жеткен жетістіктеріміз де аз емес.

ҚР СТ ИСО 9001-2009 стандарт талаптарына сәйкес сапа менеджмент жүйесін енгізген колледж 2018 жылы ҚР СТ ИСО 9001-2016 жаңа стандарт талаптары бойынша білім беру қызметінің сәйкестігін қайта бекітті. Бүгінде колледж «Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінен» институционалды және 9 мамандық бойынша мамандандырылған аккредиттеуден өтті отыр. 2021 жылы жаңа классификацияға сәйкес барлық оқыту бағдарламалары бойынша жаңартылды. «Мәңгілік ел жастары «Серпін-2050» мемлекеттік әлеуметтік жобасы негізінде білім алған колледж түлектері бүгінде еліміздің әр қиырында табысты еңбек етуде. «Баршаға тегін техникалық және кәсіптік білім беру» мемлекеттік жобасын іске асыру шеңберінде жұмысшы мамандықтары бойынша төрт жүзге тарта студент білім алуда.

Білімді, білікті, сапалы мамандар даярлап шығаруда кадр саясатының маңызды екенін ескере отырып, оқытушылар құрамын таңдау ісіне де ерекше көңіл бөлініп келеді. Колледж қызметінің жоғары деңгейде болуының негізгі кілті бүгінде оқытушылар құрамы 5 ғылыми кандидатын, магистранттар мен жоғары санатты білікті оқытушылардан тұрады.

Мамандар дайындауда білім беру сапасын арттыру – кәсіптік білімді дамытудың негізгі жолы. Қазіргі кезде білім мекемелерінде кәсіби білікті мамандар дайындаудың жаңа тәсілдері

ұсынылып, жаңа жобалар жүзеге асырылуда. Соның бірі кәсіптік білім беру саласындағы әлеуметтік серіктестік – жастардың кәсіби қалыптасуына, олардың аймақтық еңбек нарығын игеру үдерісіне қатысушы барлық тараптардың мүдделерін жүзеге асыруға бағытталған өзара әрекеттесуінің ерекше түрі. Осы тұрғыда Жезқазған Бизнес және көлік колледжінде студенттердің тәжірибе өткізу базасын ұйымдастыруға айрықша көңіл бөлінген. Бірнеше жылдан бері әлеуметтік серіктестіктермен бірлесіп, тиімді жұмыстар жасалып келеді. Болашақ жас мамандардың еңбек нарығында шындалып, өндірістік тәжірибеден өтуіне, жұмысқа орналасуына септігін тигізу мақсатында «Нұр-Жол Әлем» ЖШС, «КазТрансОйл» АҚ, «Алмас Құрылыс Kazakhstan» ЖШС, «Қарағанды бөлімшесі ММ Жезқазған станциясы», «Марал-Нұр» ЖШС, «Ютария LTD» «Өндірістік инновациялық компания» ЖШС, «Tranco Zhezkazgan» ЖШС өндірістік мекемелермен келісім-шарт жасалған. Әлеуметтік серіктестік жобасының нәтижесінде колледж студенттері кәсіби мамандығы бойынша алғашқы тәжірибесін жинақтап, жұмысқа орналасуға мүмкіндік алып отыр.

Әлемнің озық елдерінде табысты қолданылып келе жатқан дуальді оқыту жүйесі – кәсіптік білім беру саласындағы нәтижелі жетістіктердің бірі. Колледж қабырғасында білім ала жүріп, кәсіпорындарда жұмыс істеді бастаған болашақ мамандар өз кәсібінің қыр-сырын үйреніп, теория мен практикалық даярлықты еркін ұштастырып, кәсібіне бейім маман болып қалыптасуына мүмкіндік алуда. Соның айқын көрінісі – Жезқазған Бизнес және көлік колледжі мен «Ютария LTD» өндірістік инновациялық компаниясы арасындағы өзара ынтымақтастық мақсатында бекітілген дуальді оқыту туралы меморандум негізінде «Тігін өндірісі және киімді үлгілеу» мамандығы бойынша дуальді оқыту жүйесі жүргізіліп отыр. Нәтижесінде «Ютария LTD» өндірістік инновациялық компаниясында колледж түлектері табысты еңбек етуде.

Колледж басшылығы халықаралық серіктестік аясын дамыту мақсатында алыс-жақын шетелдік орта кәсіптік

білім мекемелерімен байланысын дамытуда қарқынды жұмыс атқаруда. Бұл интеграциялық байланыстың академиялық мобильділік, өзара тәжірибе алмасу, технологиялық жаңалықтарды игеру бағытында жетістігі зор болып отыр. Соңғы үш жылда Омск көлік колледжімен, Ресей Федерациясы президенті жанындағы «Ресей халық шаруашылығы мен мемлекеттік қызмет академиясы» федеральді мемлекеттік-бюджеттік жоғары білім беру мекемесімен, Киров қаласындағы «САМУПС» филиалымен ынтымақтастық шеңберінде қашықтық платформасы жүйесінде бірлескен конференциялар, кәсіби сайыстар, әдістемелік семинарлар ұйымдастырылды. Колледж кәсіби біліктіліктері студенттері өздерінің ізденіс жұмыстары мен жобаларын ұсынып, бірнеше жүлделі орындарға ие болды.

Оқытушылар мен студенттердің жеке шығармашылық, ғылыми жұмыстармен айналысып, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық конференцияларға қатысуына кең мүмкіндік берілген. Оның дәлелі – колледж оқытушылары мен студенттері өздерінің кәсіби біліктіліктері кәсіптік, спорт, мәдени бағыттағы байқаулар мен сайыстарда жүлделі орындарымен дәлелдеп те жүр. Қарағанды облыстық колледждер арасында «Танымал жерлер» бейне-эссе онлайн байқауы, «СТ ҚР ISO 9001:2016 талаптарына сәйкес сапа менеджмент жүйесі негізінде колледж қызметін ұйымдастыру» облыстық семинары, «Ағылшын тілін оқытуда интернет-ресурсты қолдану тиімділігі» ғылыми-тәжірибелік конференция, «САПР» REDCAFE бағдарламасында киімді үлгілеу тәжірибелік семинары, «Миллион кімге бұйырады?» құқықтану мамандығы студенттері арасындағы зияткерлік ойыны. Облыстық кәсіптік орта техникалық оқу орындары қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушыларының арасында «Үздік оқытушы» кәсіби конкурсында жеткен жетістіктеріміз аз емес.

Кәсіптік білім беру мекемелері қызметінің негізгі бағыттарының бірі – жұмысшы мамандығының мәртебесін арттыру мен шеберлік дағдыларын дамыту мақсатындағы халықаралық «WorldSkills» конкурсына қатысу.

Қоғам дамуы мамандық иелерінен жоғары кәсіби біліктілікті, коммуникативті қабілетті, еңбек етуге деген сүйіспеншілікті, қызығушылықты, өз мамандығы бойынша біліктілігін арттыруға даяр болатын мамандық иесін талап етеді десек, бұл байқаудың осы талапты орындаудың алғы шарты ретінде маңызы зор. Өткен жылы аймақтық «WorldSkills» байқауына қатысқан студенттеріміздің екеуі жүлделі орынға ие болса, ағымдағы оқу жылында «WorldSkills» Қазақстан-Қарағанды аймақтық чемпионатында «Теміржол жағдайын бақылау» біліктілігі бойынша колледж түлегі М. Қапан III орын, «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығы бойынша Айагүл Үсен III орын (жетекшісі М. Төкенова), «Теміржол автоматикасы мен телемеханикасы құрылғыларын жөндеу және қызмет көрсету» біліктілігі бойынша II орын Гүлім Марат (жетекшісі Г. Мусина), «Локомотивпен басқару» біліктілігі бойынша колледж түлегі Тілеген Қазыбеков III орын (жетекшісі Әзіретәлі Оразмұхамед) иеленді.

Жас өркеннің рухани болмысы мен азаматтық бейнесін қалыптастыруда білім арқылы халықтық тәлім-тәрбие беру, халықтың бай тарихи тәжірибесіне сүйеніп, келер ұрпақты еңбекке, кәсіпке үйрету, әлемдік білім кеңістігінде елдің намысын жоғары қоя білуге баулу – колледждің оқу-тәрбие ісінің басты талаптарының бірі.

Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтай білу мақсатында креативті колледж қалалық, облыстық байқауларда да көшбасшы болып отыр. Атап айтсақ, 2020-2021 оқу жылында колледж «Аймақтың үздік колледжі» болып танылды. 2020-2021 өткен оқу жылының жалпы рейтинг қорытындысы бойынша қалалық білім беру мекемелерінің арасындағы спорт сайыстарындағы табысты жетістіктері үшін колледж I дәрежелі дипломмен марапатталды. Дебат клубының өнімді нәтижесінің бірі – қалалық, облыстық турнирлерден екі рет жүлделі I орынды, аймақтық турнирде II орынды иеленсе, облыстық дебат қорытындысы бойынша II курс студенті Е. Ғани «Үздік спикер» атанды. Қалалық «Арқа аруы-2022» байқауында А. Қомар Гран-при иегері, қалалық «Сарыарқа сұлтаны-2022» байқауында

С. Тамерлан Гран-при иегері атанды. Бұл көрсеткіштер – колледж менеджментінің студенттермен жасаған жұмыстарының жоғары шығармашылық деңгейінің айқын көрінісі.

Ғаламтор жүйесіндегі компьютерлік, оқу дәрісханалары, көрнекі құралдармен жабдықталған арнайы пәндер кабинеттері, заманауи зертханалар мен шеберханалар, ғылыми және оқу-әдістемелік, электрондық оқу құралдармен жабдықталған кітапхана, студенттердің қауіпсіздігі, сабақ үрдісінің жүйелі жүргізілуі мақсатында әр дәрісхана мен ауладағы бақылау камералары, жатақхана, асхана мен «Көркем» студенттер дәмханасы, «БекНар» баспаханасы сияқты материалдық-техникалық базасы қаланған колледжде жаңа технологиялық үрдістерін енгізу және студенттердің әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған біршама жұмыстар атқарылып келеді. Бүгінде студенттердің техникалық біліктілігін, кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында заманауи интерактивті оқыту мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталған «Біліктілік орталығын» ашуға бағытталған жұмыстар жалғасуда. Сонымен қатар, 2022-2023 оқу жылынан бастап аймағымызда сұранысқа ие мамандарды дайындау ісін қолға алып отырмыз. Осы мақсатта 0732200 – «Газбен жабдықтау жүйесі мен жабдықтарды тасымалдау, монтаждау» және 10130300 – «Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандықтары бойынша лицензияға өтініш берілді.

Мемлекет тарапынан техникалық-кәсіптік білім беру саласына гранттар бөлініп, жұмысшы мамандықтарына басымдық берілуі, келесі жастарымыз үшін өте табысты мүмкіндік деп білеміз. Өйткені, Қазақстанның келешек өркениет көшінен қандай орын алатыны бүгінгі жас ұрпақтың күзиреттілігі, білімділігі, креативтілігі, мобильдігіне байланысты екені айқын. Сондықтан да талапты да талантты студент жастарымыз білім жинап, өздеріне қажетті кәсіпті игеріп, еліміздің дамуына бел шеше кіріссе ұтарымыз көп.

Ернияз ЕРУБАЕВ,
Жезқазған бизнес және
көлік колледжінің

(Соңы. Басы газеттің №20 (8283, №21 (8284) сандарында).

ИТКЕ ИТ ӨЛІМІ

Мүсілім Маубасов қашып барып, Қоғалыкөлдін қалың қамысын паналайды. Ол енді ебін тауып өзінің атасы Мансұрды өлтіріп, Қытайға өтіп кетуді ойлайды. Қолында қаруы жетеді, өлген милициялардың қаруын жинап алып, таудың бір шатқалына тығып тастаған. Қазір қалың қамыстан шығуға болмайды. «Мені іздеушілер тауып алуы мүмкін. Төрт күн осында паналап, содан кейін баспалап шығып, ебін тауып ауылға барып, атамды атып, қатын-баланы алып, Қытайға өтіп кетуім керек. «Жоқ» деді тағы да Қытайға жалғыз өтуім керек. Қатын-баланы шұбыртып жүре алмаймын. Біздің үйге олар аңдушы қоятын шығар. Сақ болуым қажет деп ойлады.

– Неге, ылғи осы Мамайдың бейітінің басында отырсың? – дейді Сырымбет.

– Мамай деген кім? – деп сұрайды қыз.

– Мамай деген керемет кісі болатын. Оның Баламерген деген баласы бар еді. Екеуі де жүзіктің көзінен оқ өткізетін мерген болатын. Ауылда отырмай аңның, құстың етімен, Қоғалыкөлден балық аулап, талғажау тауып беріп жүретін еді сабаз. Қазір ауылдың күнкөрісі қиындап кетті, – деді.

– Сонда бұл кісіге не болған, ауырып өлген бе? – деп сұрайды.

– Жоқ, Мамайды өзінің бала жасынан бірге өскен Мүсілім Маубасов деген досын «аң-құсынның етін бермедің» деп жала жауып, «халықтың жауы» деп көрсетіп, Мамайды да, баласын да милициялар атып өлтірді. Ауыл адамдары іздеп, Мамайдың өлігін тауып, әкеліп осы жерге жерледі. Баласының өлігін үкімет адамдары да, ауыл

жағдай болады. Әр үйдің алдында бір-бір дорба аңның, құстың кептірілген еттері жатады. Ауыл бір-бірімен хабарласып, жиналып талқылауға кіріседі. Әркім әртүрлі пікірлер айтады. Қорытындысында Баламерген тірі болды. Мұны істеген сол кешегі сұраушы қыз сол болуы әбден мүмкін. Мамайдың Торыалай аты да жоқ болып шықты. Оны енді көрсендер ешқандай жібермей ұстау керек деп шешеді. Бірақ содан кейін сұраушы қыз ауылға келмейді. Ауыл адамдары күнде таңертең тұрып «сұраушы қызды» көргендерің бар ма? деп бір-бірінен сұрайды. Бірақ ол қыз Көгеленге қайтып оралмайды.

Сөйтіп жүргенде соғыс басталып, ауылдың азаматтары соғысқа кетеді. Сұраушы қыз да, Мамай да ұмыт болып әркім өзінің қайғы-қасіреттерімен болып кетеді. Аманның үлкен ұлы Сырымбет те соғысқа кетеді. Азаматтары соғысқа аттанған ауыл қаңырап, атаналар мен жесірлер аңырап қалады. 1944 жылы сол қолының шынтағынан

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН МӘҢГІЛІК БОЛҒАЙ



10.12.1991ж. бұрынғы Кеңестік Социалистік Қазақ Республикасы деген атауы «Қазақстан Республикасы» деп өзгертіледі. Артына 16.12.1991 ж. Қазақстан Республикасы Тәуелсіз мемлекеттігін жариялайды. Алайда осы өзгерістердің алдында Кеңес Одағының үрейін алған оқиғаны еске алсақ:

– 1986 ж. желтоқсанның 16-18 күндері Мәскеудің орталық биліктің отарлау саясатына наразылық білдіріп, Алматы қаласында жастар шеруге шығып ержүрек батырлығын көрсетті. Ресейден келген арнайы жасақ шерушілерді ұрып-соғып, ауруханаға түскені бар, қамалғаны бар, өлгені бар, үш күнде езер тоқтатылды. Бұл қайғылы желтоқсанның 16-18 үш күнін қазақ ұлты ешқашан ұмытпайды. Желтоқсанның азалы үш күнінде азаттық үшін құрбан болған батырларымызға құран оқып, иман айтудың орнына «Тәуелсіздік» мерекесі деп тойлағанымызды не деуге болады? Бұны исламды ұстанатын қазақ халқының басына түскен азап күні десем артық болмас.

– Жаңа Қазақстан Республикасы деп жатырмыз. Қалай жаңа мемлекет болады, атауы жаңармаса. Шыңдығын айтсақ, «Қазақ Елі» немесе «Қазақ Республикасы» деп өзгеруі қажет. Сонда ғана «Жаңа Қазақ мемлекеті» деп айта аламыз.

Түркі әлеміне танымал исламды уағыздаушы Арыстан Баб (VII-VIIIғғ.) кесенесі Отырар маңында орнатылған. Ал исламның сопылық ілімін насихаттаушы Қ. А. Яссауи (1103-1167 ж.ж.) кесенесі Түркістан қаласында орнатылған. Тәуелсіздімізді алғалы түркілер үшін Түркістан ислам дінінің екінші қасиетті мекеніне айналуға және ауыл-аймақтарымызды көрікті етіп тұрған мешіттер көбеюде. Демек Түркістан – ислам дінінің бесігі десек болады.

Қазақстан Республикасы Қазақ мемлекеті ресми Қазақ Хандығынан 1465ж. бастау алатынын ұстануда. Марқұм Қуаныш Ахметов «Заман Заңғарынан» деген еңбегінде: Жошыхан Ұлытау өңіріне келіп «Ордасын» орнатады (1221ж.); Жошыхан 1227 ж. қайтыс болады; Жошы ұлысына баласы Батухан билік етеді (1227-1243 ж.ж.); Батухан Шығыс Еуропаға дейін жорық жасап (1237-1241 ж.ж.) Рус, Болгария, Хорватия, Сербия, Польша, Венгрия елдерін бағындырады; Владимир елді-мекен князі Ярослав Всеволодович (1191-1246 ж.ж.) Ұлытауға келіп, Батуханнан Ұлы князь атағын алып (1238-1246 ж.ж.) билік етеді; Ярославтың баласы Александр Ярославович Невский (1220-1263 ж.ж.) Батуханның қолдауымен (1252-1263 ж.ж.) Новгород, Киев және Владимир елді-мекендерінде князь болады; Батухан 1243ж. «Алтын Орданы» құрып Еділ өзені бойында Бату-Сарайды салып 1256 ж. дейін билік етіп қайтыс болады; «Алтын Орданы» Батуханның інісі Беркехан басқарады (1256-1266 ж.ж.) деген деректер көптеген ойларды тудыруда. Атап айтқанда, Жошы ұлысында, Алтын Орда хандығында Рустің ішкі билігіне, тіліне, дініне, салтына араласпағаны және сыртқы жаудан қорғалғаны байқалады. Марқұм Аханов Мұзараф ақсақал «Жошыхан туралы» еңбегінде Қазақ елінің ордасы Ұлытау, Қазақ мемлекеті Жошы ұлысынан бастау алады және Қазақ Елі «Алтын Орда» хандықтың мұрагері Алек еді. Расында бұл тарихи

шындық. Мен қосар едім – Ұлытау Қазақ Елінің қара шаңырағы, бесігі деп. Сонда Қазақ елі тарихына 800 жыл болады екен (1221-2021 ж.ж.).

Тілі жоғалған ұлттың өзі де, мемлекеті де жоғалады. Мысалы Кеңес Одағында 1926 ж. 194 ұлт болса, ал 1991 ж. – 101 ұлт қалып, 93 ұлт жұтылып жоқ болып кеткен. Қазақ еліне келсек, мыңдаған жыл бойы бабаларымыз әдеби және ғылыми шығармаларын араб тілінде жазылып келген әліппені Кеңес Үкіметі 1929 ж. тоқтатып латын әліппесін енгізді, ал 1940 ж. латын әліппесін тоқтатып, кириллица әліппесін енгізді. Мақсаттары қазақ ұлтын ислам дінінен, ана тілінен айнытып, мөңгірт ету болды. Қарсы болған мыңдаған білімді аталарымызды ұлтшылдар, пантүркістер, халық жауы деп атып, көздерін жойды (бұны қандықол қызылдар – Кеңес Үкіметінің терроры десек те болады). Тәуелсіздікті жария етіп, Ата Заңымызды қабылдап, қос тілдікті бекіткенде марқұм Шерхан Мұртаза «костілділік тек жыланда болады» деді Парламент мінбесінде шырылдап. Бүгін жыланның қос тіліндей қазақ ұлты екіге бөлініп, тіл дауымыз өршіп өзге мемлекеттің президентімен қорқытуға айналдық (кезінде 1730 ж. бастап үш жүздің бастары бірікпей Ресей патшасына қайта-қайта шағыммен барып ақырында отарланған құлына айналғанымызды ұмытпайық). Сондықтан Қазақстанда жалғыз мемлекеттік тіл қазақ тілі болу керек деген.

Марқұм Герольд Бельгер Қазақстанда өзге ұлттық мемлекеттерден келген кірмелер (диаспорлар), ал ұлттық мемлекеті жоқ аз халықтар (этнос) деп аталады. Диаспорлардың өз елінде мемлекеттік тілдері бар. Сондықтан Қазақстанда орыс тілі ресми тіл болмайды деген.

Асыл Осман (қоғам қайраткері) Қазақстанда жалғыз мемлекеттік тіл қазақ тілі болу керек. Орыс тілі ресми тіл деген дұрыс емес, өйткені Ресейде өзінің мемлекеттік тілі бар. Ал, Қазақстан Халықтар ассамблеясы неге президентке өтініш жазбайды ресми орыс тілін заңнан таста деп. Өйткені Қазақстанға жаны ашымайды. Сондықтан ассамблеяны жабу керек дейді.

Қазбек Иса (Парламент депутаты) үкіметте іс-құжат қазақ тілінде жүрмейді, министрлер қазақша сөйлемейді, мемлекеттік тіл комитетін құру қажет. Біз қай мемлекетте тұрып жатырмыз (қазақ тілі қоғамы мазарға айналды).

Қорытындылай келгенде «Жаңа Ата Занда» ресми орыс тілі деген жойылу керек. Сонда мемлекеттік қазақ тілі ұлтаралық тілге айналады. Қазақша атаулардың орысша аудармасы болмайды. Халқымызда қазақша білмесек күн көре алмайсың деген ұғым пайда болады. Небәрі 2-3 жылда қазақ тілін үйреніп шығады. Сондықтан баспасөз беттерінде ұлттаралық тіл – орыс тілі деген насихатты доғару керек.

**Болат ҚАЙЫРБЕКҰЛЫ,
еңбек ардагері.**

ҚАСТААНДЫҚ ҚАСІРЕТІ

Бұл кезде іздеушілер капитанның өлігін орманның жиегінен тапты. Ол «менің өліміме ешкім де кінәлі емес, бастап келген адамдарымнан айрылып, тірі қалуды қаламадым. Мүсілім Маубасов Мамайдан да қауіпті адам болып шықты. Оны жазалау керек» деп жазған қалтасынан хат табылды. Сөйтіп, келген солдаттар, милициялар Маубасовты іздеуге кірісті. Орманды түгел сүзіп шықты. Оған ауыл азаматтары да көмектесті. Ізім-қайым жоқ. Иісшіл екі иттен де пайда болмады. Сол жерде іздеушілер екі топқа бөлінді. Ауыл адамдарымен бір топ таудың шатқалдарына, екінші топ Қоғалыкөлдін қамысын сүзіп шығуға кірісті. Туға кеткендерді майор, көлге кеткендерді полковник өзі басқарды. Қоғалыкөлдін қамысын сүзіп келе жатқан солдаттар өліп жатқан бір адамды тауып, полковникке хабар берді. Ол келіп олай-бұлай қарап, оны қабан жарып өлтіргенін анықтады. Оның Мүсілім екенін топқа еріп жүрген ауыл адамдары Тұралы, Момынбек, Тұрсындар анықтады. Олар «итке ит өлімі келген екен ғой» деп ешқайсысы оның өліміне қайғырған жоқ. Қайта «жауыз, елдің бетке ұстар азаматы Мамай мен оның баласы Баламергеннің түбіне жетіп кетіп едің, Алла жазаңды өзі берген екен» деді.

СҰРАУШЫ ҚЫЗ

Соңғы күндері Көгелең ауылында бір сұраушы қыз пайда болды. Бір таңқаларлығы үш құрт, бір уыс ірімшік, бір кесе сусын сұрайды. Егер төрт құрт, екі уыс ірімшік берсең, бір құртты, бір уыс ірімшікті қайтып береді, өзінің сұрағанына ғана алады. Артығын алмайды. Содан кейін екі-үш күн, кейде бір жетіге дейін жоғалып кетеді. Бір күні ауылдың бір адамы Мамайдың бейітінің басында сол сұраушы қыздың жылап отырғанын көріп, ауылға айтып келеді. Бірақ оған ешкім мән бере қоймайды. Арада бір жеті өткеннен кейін Аманның баласы Сырымбет көріп:

– Мұнда неғып отырсың? – деп сұрайды.

– Жай, менің әке-шешем де осындай қабірде жатыр-ау, тірі болса мен мұндай күйге түспес едім. Көгеленде көз жасымды көлдетіп, сұраушы болып жүрмес едім-ау, – деп ойлап отырмын.

тұрғындары да бір айдай іздеп таба алмады, – деді.

– Ал, Маубасов не болды?

– Маубасов нағыз жауыз адам болып шықты. Оның қылмысын атасы Мансұр үкімет адамына айтып, Мамайдың жазығы жоқтығын дәлелдеп беріпті. Содан Мүсілім қашып кетіп, Қоғалыкөлдін қамысына тығылып жүргенде шошқа жарып өлтіріпті. Сөйтіп, итке ит өлімі бұйырыпты, – деді Сырымбет. Сол кезде қыз «қап» деп қалды.

– Неге «қап» дедің деп сұрады Сырымбет:

– Ол жауыз, олай өлмеу керек еді, оны қорлықпен бір адам өлтіру керек еді. Сонымен Мамайды кінәсіз деп тапты ма? – деді қыз.

– Ол жағын білмедім. Бірақ жерлеуге үкімет адамдары қатысты, – деді.

Осы кезде аспанға бір қара бұлт ойнап шыға келіп, найзағай ойнап, күн күркіреп, жаңбыр құйып кетті. Қыздың көз жасы жаңбыр суына араласып, топыраққа құйылып жатты. Екеуі бір күркілі тамның ішін паналап, жаңбыр басылғаннан кейін Сырымбет қызға:

– Үйге жүр, – дейді. Бірақ қыз барудан бас тартып сол жерде қалады. Үйіне келгеннен кейін Сырымбет әкесі Аманға сұраушы қызды көргенін, екеуінің әңгімесін айтып береді. «Үйге жүр» деп едім келмеді – дейді.

– Мұнда бір сыр бар сияқты. Онымен өзім кездесіп, әңгімелесейін деп Аман іздеп барып еді, бейіттің басында жоқ болып шықты. Бір ғажабы Мамайдың басына жас шыбық шаншып кетіпті. Аман бейітке дұға жасап, үлкен бір ойға қалды. Бұл Мамайдың баласы Баламерген емес пе екен? Ол мүмкін тірі қалған шығар. Ол ер бала еді ғой. Әдейі қыз баланың киімін киіп, келіп жүрген сол Баламерген шығар. Әкесі де әйелінің киімін киіп, ауылдан шығып кетіп еді ғой. Не де болса оны тауып, сөйлесуім керек. Баламерген болса оны қолымызға алуымыз керек деп ауылды шарлап, іздеп еді, үштігүйлі жоқ болып шықты. Аман Мансұр ақсақалға келіп болған жағдайды айтады.

– Ол Баламерген болса, неге ол бізден жасырынады? Ашық келе береді ғой. Елдің әкесін қатты құрметтейтінін біледі. Әрі ол ер бала еді ғой дейді. Бірақ ақылдаса келіп оны тауып, сөйлесу керек. Кімнің баласы болса да оны сұраушылықтан құтқарып, тәрбиелеуіміз керек деген қорытындыға келеді. Ертеңіне ауылда таңқаларлық

бастап оқ жұлып кеткен Сырымбет Аманұлы шалақ қол болып ауылға оралады. Сол жылы күзде Қызылордадағы мұғалімдер дайындайтын училищені бітірген Құралай деген қыз ауылға мұғалім болып келеді. Сырымбет сол қызбен танысып, екеуі 1945 жылдың көктемінде үйленді. Құралай күнәра әруақтар жерленген бейіттің басына ешкімге білдірмей барып тұрады. Мұны байқап қалған Аман ақсақал (атасы) бір күні:

– Шырағым, Құралай, мен байқап жүрмін, күнәра бейіт жақтан келе жатасың. Ол қорымда жақын біреуің бар ма? – деп сұрайды.

Құралайдың ұстап отырған кесесі жерге түсіп кетіп, егіліп жылайды. Жылап отырып, «енді айтуым керек» деп шешеді.

– Ағатай, мен әкемнің басына барып жүрмін. Мен Мамайдың қызымын. Сіздер менің қыз бала екенімді білмей, мені Баламерген деп атайтынсыздар. Атымның Құралай екенін де білмедіңіздер. Көкем мені еркек балаша киіндіріп, ер балаша тәрбиеледі. Көкем өлгеннен кейін мен ауылға сұраушы қыз болып келіп жүрдім. Барлық жағдайды білген соң әкемнің Торыалай атын мініп Көкпекті ауылындағы Ахметхан деген туысымызға бардым. Ол кісі мені құшақ жайып қарсы алып, фамилиямды Манаева деп өзгертіп, Қызылордаға жіберіп, Бекболат деген досына тапсырып, 7-сыныпқа дейін оқып, сол жердегі мұғалімдер даярлайтын училищене түсірді. Ауылдан кетерде атқан аң-құстарымның етін дорбаларға салып, әр үйдің алдына түнде барып тастап кеттім. Міне, сол оқуды бітіріп, өзімнің сұрауым бойынша ауылға мұғалім болып оралдым, – деп солқылдап тұрып жылады.

Аман мен бәйбішесі Қадияша, Сырымбет бәрі орындарынан өре түрегеліп, Құралайды құшақтап жылап, ертеніне мал сойып, ауылды шақырып кішігірім той жасады.

Соғыс біткеннен кейін Мамайдың басына төртқұлақ там салды. Сырымбет пен Құралай үш ұл, екі қыз өсіріп, 1983 жылы Сырымбет, 1984 жылы араға бір жыл салып Құралай қайтыс болады.

**Мағзұмбек МАШАЙЫҚҰЛЫ,
Қазақстанның
Құрметті журналисі,
Ұлытау ауданының
Құрметті азаматы.**

ДҮЙСЕНБІ 13 МАУСЫМ

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 «Mäsele». 7:00 «Taňsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 11:50 «Бақытсыздар бағы». 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Телдерігер». 15:00 Aqparat. 15:15 Футбол. Ойындарға шолу. (Испания – Чехия), (Швейцария – Португалия). 15:25 «Ауылдастар». 16:00 «Көңіл толқыны». 17:00 Aqparat. 17:15 «Шабалы 18». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq alaň». 21:20 «Бақытсыздар бағы». 22:30 «Жат мекен». 23:25 «1001 түн». Қоғамдық бағдарлама. 0:35 Футбол. УЕФА Ұлттар лигасы. Франция – Хорватия. 2:40 Aqparat.

ХАБАР

5:00 Мегахит. «Ускорение». 7:00 «Ояң!». 10:00

СЕЙСЕНБІ 14 МАУСЫМ

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 Aqparat. 7:00 «Taňsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 11:50 «Бақытсыздар бағы». 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Телдерігер». 15:00 Aqparat. 15:15 Футбол. Ойындарға шолу. (Франция – Хорватия), (Қазақстан – Словакия). 15:25 Деректі фильм. 15:50 «Қазақтар». 16:25 «Көңіл толқыны». 17:00 Aqparat. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq alaň». 21:20 «Бақытсыздар бағы». 22:30 «Жат мекен». 23:25 «1001 түн». Қоғамдық бағдарлама. 0:35 Футбол. УЕФА Ұлттар лигасы. Германия – Италия. 2:40 Aqparat.

ХАБАР

5:00 Мегахит. «Патруль: по законам улиц». 7:00

СӘРСЕНБІ 15 МАУСЫМ

QAZAQSTAN

6:05 «Жәдігер». 6:25 Aqparat. 7:00 «Taňsholpan». 10:00 Aqparat. 10:10 «Гүлдер құпиясы». 11:50 «Бақытсыздар бағы». 13:00 Aqparat. 13:10 «Қызық екен...». 13:50 «Телдерігер». 15:00 Aqparat. 15:15 Футбол. Ойындарға шолу. (Польша – Бельгия), (Германия – Италия). 15:30 «Ауылдастар». 16:05 «Көңіл толқыны». 17:00 Aqparat. 17:15 «Қызық екен...». 18:00 «Гүлдер құпиясы». 20:00 Aqparat. 20:35 «Ashyq alaň». 21:20 «Бақытсыздар бағы». 22:30 «Жат мекен». 23:25 «1001 түн». Қоғамдық бағдарлама. 0:35 Aqparat. 1:10 «Ashyq alaň». 1:55 «Телдерігер».

ХАБАР

5:00 Мегахит. «Весёлые» каникулы. 7:00 «Ояң!». 10:00 Кино. 12:00 Жаналықтар. 12:10 «Детектив әже». 13:00 Новости. 13:10 «Рауза. Сақураның

Кино. «Боксер». 12:00 Жаңалықтар. 12:10 «Детектив әже». 13:00 Новости. 13:10 «Рауза». 15:00 «Бүгін». 16:00 Кино. 18:00 Мегахит. «Патруль: по законам улиц». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Народный контроль». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По суети». 21:35 «Шымкент менің махаббатым». 22:30 «Рауза». 0:00 «Егіз жүрек».

АСТАНА

06:00 «Кәбәк». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кекеш келін». 11:20 «Қызғалдақ». 12:20 «Қорғаныс ханшайым». 13:30 «Астана кеші көңілді». 14:30 «Қағаз кеме». 15:00 «Айнұрдың арманы». 15:35 «Өкініш» Х/ф. 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 19:25 «Өткініш жаңбыр». 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келін». 23:55 «Қорғаныс ханшайым». 01:05 «Ене». 02:00 «Қызғалдақ».

«Ояң!». 10:00 Кино. 12:00 Жаңалықтар. 12:10 «Детектив әже». 13:00 Новости. 13:10 «Рауза». 15:00 «Большая неделя». 16:00 Кино. 18:00 Мегахит. «Весёлые» каникулы. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Ерекше бақылауда». 20:50 «На особом контроле». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По суети». 21:35 «Шымкент менің махаббатым». 22:30 «Рауза». 0:00 «Егіз жүрек».

АСТАНА

06:00 «Кә бәк». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кекеш келін». 11:20 «Қызғалдақ». 12:20 «Қорғаныс ханшайым». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Қағаз кеме». 15:00 «Айнұрдың арманы». 15:35 «Бизнес по-казахски» Х/ф. 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 19:25 «Өткініш жаңбыр». 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келін». 23:50 «Қорғаныс ханшайым». 01:05 «Ене». 02:00 «Қызғалдақ».

тив әже». 13:00 Новости. 13:10 «Рауза». 15:00 «Бүгін». 16:00 Кино. 18:00 Мегахит. «Средь бела дня». 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Біздің назарда». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По суети». 21:35 «Шымкент менің махаббатым». 22:30 «Не Хабар?». 23:30 «Рауза. Сақураның гүлдеуі». 0:15 «Егіз жүрек».

АСТАНА

06:00 «Кә бәк». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кекеш келін». 11:20 «Қызғалдақ». 12:20 «Қорғаныс ханшайым». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Қағаз кеме». 15:00 «Айнұрдың арманы». 15:35 «Бизнес по-казахски в Америке» Х/ф. 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 19:25 «Өткініш жаңбыр». 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келін». 23:50 «Қорғаныс ханшайым». 01:05 «Ене». 02:00 «Қызғалдақ». 02:40 «Айтарым бар». 03:30 «Astana times». 04:30 «Үздік әзілдер».

гүлдеуі». 15:00 «Большая неделя». 16:00 Кино. 18:00 Мегахит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Үкімет». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По суети». 21:35 «Шымкент менің махаббатым». 22:30 «Рауза. Сақураның гүлдеуі». 0:00 «Егіз жүрек».

АСТАНА

06:00 «Фазилет ханым». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кекеш келін». 11:20 «Қызғалдақ». 12:20 «Қорғаныс ханшайым». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Қағаз кеме». 15:00 «Айнұрдың арманы». 15:35 «Бизнес по-казахски в Африке» Х/ф. 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Ене». 19:25 «Өткініш жаңбыр». 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келін». 23:50 «Қорғаныс ханшайым». 01:05 «Ене». 02:00 «Қызғалдақ». 02:40 «Айтарым бар». 03:30 «Astana times». 04:30 «Үздік әзілдер».

«Бүгін». 16:00 Кино. 18:00 Мегахит. 20:00 Қорытынды жаңалықтар. 20:30 «Негізінде». 20:35 «Үкімет». 21:00 Итоги дня. 21:30 «По суети». 21:35 «Шымкент менің махаббатым». 22:30 «Рауза. Сақураның гүлдеуі». 0:00 «Егіз жүрек».

АСТАНА

06:00 «Фазилет ханым». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кекеш келін». 11:20 «Қызғалдақ». 12:20 «Қорғаныс ханшайым». 13:30 «Айтарым бар». 14:30 «Қағаз кеме». 15:00 «Айнұрдың арманы». 15:35 «Бизнес по-казахски в Корее» Х/ф. 17:35 «Кішкентай келін». 18:30 «Каникулы в Тайланде» Х/ф. 20:00 «Astana times». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келін». 23:50 «Қорғаныс ханшайым». 01:05 «Ене». 02:00 «Қызғалдақ». 02:40 «Айтарым бар». 03:30 «Astana times». 04:30 «Үздік әзілдер».

«Tangy fresh». 10:30 «Ән әлемі». 11:00 Кино. 12:45 Т/х марафоны. «Рауза». 16:00 Кино. 18:00 Мегахит. 20:00 Хит жазамыз. 21:00 «7 күн». 22:00 «Отдел журналистских расследований. Близке к делу». 23:30 Концерт «Махаббат каласы» Ернар Айдар.

АСТАНА

06:00 «Фазилет ханым». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кекеш келін». 11:20 «Қызғалдақ». 12:15 Шаншар. 14:30 «Каникулы в Тайланде» Х/ф. 16:00 «Бизнес по-казахски в Африке» Х/ф. 18:00 «Бизнес по-казахски в Корее» Х/ф. 20:00 «Астана кеші көңілді». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келін». 23:40 «Қағаз кеме». 01:15 «Ду-думан» шоу. 02:25 «Қызғалдақ». 03:10 «Арман, когда ангелы спят» Х/ф. 04:35 «Астана кеші көңілді».

ХАБАР

5:00 Кино. 7:00 Т/х марафоны. «Няня аға». 8:45 «Самопознание». 9:00 Концерт «Махаббат каласы» Ернар Айдар. 11:00 Кино. 12:45 Т/х марафоны. «Рауза. Сақураның гүлдеуі». 16:00 Кино. 18:00 Мегахит. 20:00 Хит жазамыз. 21:00 «7 күн». 22:00 «Большая неделя». 23:30 Т/х марафоны. «Шымкент менің махаббатым».

АСТАНА

06:00 «Фазилет ханым». 07:10 «Маша и медведь» М/ф. 09:00 «Кекеш келін». 11:20 «Қызғалдақ». 12:10 «Ду-думан» шоу. 13:25 «Алдараспан». 18:10 «Арман, когда ангелы спят» Х/ф. 20:00 «SaraTimes». 21:00 «Әйел тағдыры». 21:55 «Кекеш келін». 23:40 «Өткініш жаңбыр».

02:40 «SaraTimes». 03:30 «Astana times». 04:30 «Үздік әзілдер».

КТК

07:05 «Дәу-дайысыз». 07:30 «Сен мықтысың, тек алға», т/х. 09:00 «Мұңдыызғар», өзбек т/хы. 10:50 «Доктор Лейла», отандық т/х. 12:00 «Юморина». 13:30 «Было дело». 15:30 «Жизнь взаимы». 17:30 «Мой мужчина, моя женщина». 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Астарлы ақиқат». 21:00 Вечерние новости. 21:40 «На краю». 23:40 «Ловушка». 01:15 «Женские секреты». 02:00 «Мұңдыызғар», өзбек т/х. 03:30-04:00 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:50 Ояң, Qazaqstan Music. 07:20 «Серт пен сезім». 08:15 «Қадам». 09:00 «Женский доктор». 10:00 Х/с «Горячая точка». 12:00 «Зың-зың Күлпіш». 13:00 Ток-шоу «SanTaram». 14:00 «Құтты қоңақ». 14:30 «Га-

02:40 «Айтарым бар». 03:30 «Astana times». 04:30 «Үздік әзілдер».

КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07:30 «Астарлы ақиқат». 08:15 «Сен мықтысың, тек алға», т/х. 09:00 «Мұңдыызғар», өзбек т/х. 10:50 «Доктор Лейла», отандық т/х. 12:00 «Было дело». 13:30 «Ловушка». 15:20 «На краю». 17:30 «Тайны и ложь». 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Астарлы ақиқат». 21:00 Вечерние новости. 21:40 «На краю». 23:40 «Ловушка». 01:15 «Женские секреты». 02:00 «Мұңдыызғар», өзбек т/х. 03:30-04:00 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:50 Ояң, Qazaqstan Music. 07:20 «Серт пен сезім». 08:15 «Аяла мені». 09:00 «Женский доктор». 10:00 Х/с «Горячая точка». 12:00 «Зың-зың Күлпіш». 13:00 Ток-шоу

КТК

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07:30 «Астарлы ақиқат». 08:15 «Сен мықтысың, тек алға», т/х. 09:00 «Мұңдыызғар», өзбек т/х. 10:50 «Доктор Лейла», отандық т/х. 12:00 «Было дело». 13:30 «Ловушка». 15:20 «На краю». 17:30 «Тайны и ложь». 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Астарлы ақиқат». 21:00 Вечерние новости. 21:40 «На краю». 23:40 «Ловушка». 01:15 «Подари мне счастье». 02:40 «Мұңдыызғар», өзбек т/х. 04:10-04:40 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:50 Ояң, Qazaqstan Music. 07:20 «Серт пен сезім». 08:15 «Аяла мені». 09:00 «Женский доктор». 10:00 Х/с «Горячая точка». 12:00 «Зың-зың Күлпіш». 13:00 Ток-шоу «SanTaram». 14:00 «Құтты қоңақ». 14:30 «Гадалка». 15:30 «ИП Пирогова». 16:00 Х/с «Женский

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07:30 «Астарлы ақиқат». 08:15 «Сен мықтысың, тек алға», т/х. 09:00 «Мұңдыызғар», өзбек т/х. 10:50 «Жақын алыс», отандық т/х. 12:00 «Было дело». 13:30 «Ловушка». 15:20 «На краю». 17:30 «Тайны и ложь». 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Астарлы ақиқат». 21:00 Вечерние новости. 21:40 «На краю». 23:40 «Ловушка». 01:15 «Подари мне счастье». 02:40 «Мұңдыызғар», өзбек т/х. 04:10-04:40 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:50 Ояң, Qazaqstan Music. 07:20 «Серт пен сезім». 08:15 «Аяла мені». 09:00 «Женский доктор». 10:00 Х/с «Горячая точка». 12:00 «Зың-зың Күлпіш». 13:00 Ток-шоу «SanTaram». 14:00 «Құтты қоңақ». 14:30 «Гадалка». 15:30 «ИП Пирогова». 16:00 Х/с «Женский

07:05 Кешкі жаңалықтар. 07:30 «Астарлы ақиқат». 08:15 «Сен мықтысың, тек алға», т/х. 09:00 «Мұңдыызғар», өзбек т/х. 10:50 «Жақын алыс», отандық т/х. 12:00 «Было дело». 13:30 «Ловушка». 15:20 «На краю». 17:30 «Тайны и ложь». 19:30 Кешкі жаңалықтар. 20:00 «Дәу-дайысыз». 20:35 «КТКweb». 21:00 Вечерние новости. 21:40 «Убийство по пятницам». 01:15 «Подари мне счастье». 02:40 «Мұңдыызғар», өзбек т/х. 04:10-04:40 Кешкі жаңалықтар.

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:50 Ояң, Qazaqstan Music. 07:20 «Серт пен сезім». 08:15 «Аяла мені». 09:00 «Женский доктор». 10:00 Х/с «Горячая точка». 12:00 «Зың-зың Күлпіш». 13:00 Ток-шоу «SanTaram». 14:00 «Құтты қоңақ». 14:30 «Гадалка». 15:30 «ИП Пирогова». 16:00 Х/с «Женский доктор». 17:00 «Тойхана». 18:30 «Айбат»

КТК

07:05 «Мерекелік концерт». 07:30 «Сұлағы із», т/х. 08:10 «Көңілді отбасы». 09:05 «КТКweb». 09:30 «Следствием установлено». 10:30 «Убийство по пятницам». 14:30 «Ұры», к/ф. 16:30 «Қанғыбае», к/ф. 18:30 «Қазақтың жігіттері», Ернар Айдардың ән-шашуы. 21:00 Вечерние новости. 21:40 «Счастье по договору». 01:20 «Подари мне счастье». 02:50 «Ұры», к/ф. 04:20-04:40 «Мерекелік концерт».

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 Концерт. 08:10 «Құтты қоңақ». 09:10 «Орел и решка». 10:00 Х/с «Мираж». 14:30 Реалити-шоу «Моя игра». 15:00 «Тойхана». 18:10 «Салем, Қазақстан!». 19:20

02:00 «Айнұрдың арманы». 04:05 «Қызғалдақ». 04:50 «Үздік әзілдер».

КТК

07:05 «Мерекелік концерт». 07:30 «Өндір мен жылдар». 10:00 «Юморина». 12:10 «Счастье по договору». 16:00 «Карттар үйі», к/ф. 18:00 «Достығымыз жарасқан», ән шашу. 21:00 «Портрет недели». 22:00 «Семьянин», комедия. 23:20 «Мой мужчина, моя женщина». 02:40 «Карттар үйі», к/ф. 04:00-04:30 «Мерекелік концерт».

7-АРНА

06:00 «Қуырдақ». 06:30 Концерт. 08:00 «Құтты қоңақ». 09:00 Шоу «Музыкальная интуиция». 10:50 Х/с «Без колебаний». 15:00 «Салем, Қазақстан!». 17:10 К/ф «Әкем мен балам». 19:20

далка». 15:00 «Родком». 15:30 «ИП Пирогова». 16:00 Х/с «Женский доктор». 17:00 «Тойхана». 18:30 «Айбат». 19:30 «Студия 7». 19:30 Х/с «Горячая точка». 21:30 «Қанатсыз құстар». 22:20 «Аяла мені». 23:20 «Әкесінің баласы». 00:20 «Айбат». 00:50 «Студия 7». 01:20 «Родком». 01:50 «ИП Пирогова». 02:20 «Гадалка». 02:40 Ояң, Qazaqstan Music. 03:10 «Тамаша». 04:00 «Япырай». 05:00 «Қуырдақ».

ДИДАР

08:00 Таңғы жаттығу. 08:05 Документальный фильм. 09:00 Мультифильм. 09:30 «Ән шашу». 10:00 Д/ф «Ұлы жазушылар». 11:15 «Балалық шақтың керемет дәмі» К/ф. 12:30 Д/ф «Дүниені дүр сілкіндірген күндер». 13:00 «Президент Жолдауы: сеніме – сеніп!». 13:15 «Ән шашу». 13:30 «Астанаға көктем кеш келеді» К/ф. 16:00 «Еске алу». 16:15 Мультифильм. 16:30 Т/х «Ай-

«SanTaram». 14:00 «Құтты қоңақ». 14:30 «Гадалка». 15:30 «ИП Пирогова». 16:00 Х/с «Женский доктор». 17:00 «Тойхана». 18:30 «Айбат». 19:00 «Студия 7». 19:30 Х/с «Горячая точка». 21:30 «Қанатсыз құстар». 22:20 «Аяла мені». 23:20 «Әкесінің баласы». 00:20 «Айбат». 00:50 «Студия 7». 01:20 «ИП Пирогова». 01:50 «Гадалка». 02:40 Ояң, Qazaqstan Music. 03:10 «Тамаша». 04:00 «Япырай». 05:00 «Қуырдақ».

ДИДАР

08:00 «Веселая разминка». 08:05 «Бүгін». 08:35 Документальный фильм. 09:30 Т/х «Айналайын». 10:05 «Алтын адам» Д/ф. 10:35 Мультифильм. 11:05 Д/ф «Өркеннет тарихы. Грек өркеннеті». 12:00 Фильм «Айша» 6-бөлім. 13:00 «Бүгін». 13:30 «Балбал» Д/ф. 14:00 «Весна на Заречной улице» Х/ф. 16:00 «Еске алу». 16:15 Мультифильм. 16:30 Т/х «Айналайын». 17:00 Фильм «Айша» 7-бөлім. 18:00 «Бүгін». Сурдоау-

07:05 «Тойхана». 18:30 «Айбат». 19:00 «Студия 7». 19:30 Х/с «Горячая точка». 21:30 «Қанатсыз құстар». 22:20 «Аяла мені». 23:20 «Әкесінің баласы». 00:20 «Айбат». 00:50 «Студия 7». 01:20 «ИП Пирогова». 01:50 «Гадалка». 02:40 Ояң, Qazaqstan Music. 03:10 «Тамаша». 04:00 «Япырай». 05:00 «Қуырдақ».

ДИДАР

08:00 «Таңғы жаттығу». 08:05 «Бүгін». 08:35 Документальный фильм. 09:30 Т/х «Айналайын». 10:00 «Бүгін». Сурдоаударма. 10:15 Д/ф «Әлемдегі мәдени байлықтар» Италия. 10:30 «Телебалапан». 10:45 Мультифильм. 11:00 Д/ф «Өркеннет тарихы. Месопотамия». 12:00 Фильм «Айша» 7-бөлім. 13:00 «Бүгін». 13:30 Д/ф «Голливудтың жарқын жұлдыздары». 14:00 «Жамбыл» К/ф. 15:35 «Тұл» Д/ф. 16:00 «Еске алу». 16:15 Мультифильм. 16:30 Т/х «Айналайын». 17:00 Т/х «Туған

07:05 «Тойхана». 18:30 «Айбат». 19:00 «Студия 7». 19:30 Х/с «Горячая точка». 21:30 «Қанатсыз құстар». 22:20 «Аяла мені». 23:20 «Әкесінің баласы». 00:20 «Айбат». 00:50 «Студия 7». 01:20 «ИП Пирогова». 01:50 «Гадалка». 02:40 Ояң, Qazaqstan Music. 03:10 «Тамаша». 04:00 «Япырай». 05:00 «Қуырдақ».

ДИДАР

08:00 «Веселая разминка». 08:05 «Бүгін». 08:35 Документальный фильм. 09:30 Т/х «Айналайын». 10:00 «Бүгін». Сурдоаударма. 10:15 Д/ф «Әлемдегі мәдени байлықтар» Швеция. 10:30 «Телебалапан». 10:45 Мультифильм. 11:05 Д/ф «Өркеннет тарихы. Діни сенім». 12:00 Т/х «Туған елдің түгіні» 1-бөлім. 13:00 «Бүгін». 13:30 Д/ф «Голливудтың жарқын жұлдыздары». 14:00 «Жетімдер» К/ф. 16:00 «Еске алу». 16:30 Т/х «Айналайын». 17:00 Т/х «Туған елдің түгіні»

19:00 «Студия 7». 19:30 Х/с «Горячая точка». 21:30 «Қанатсыз құстар». 22:20 «Аяла мені». 23:20 «Әкесінің баласы». 00:20 «Айбат». 00:50 «Студия 7». 01:20 «ИП Пирогова». 01:50 «Гадалка». 02:40 Ояң, Qazaqstan Music. 03:10 «Тамаша». 04:00 «Япырай». 05:00 «Қуырдақ».

ДИДАР

08:00 «Таңғы жаттығу». 08:05 «Бүгін

ҚАЗАҚТЫҢ ХАС БАТЫРЫ ҚОБЫЛАНДЫ

2003 жылы қабылданған «Мәдени мұра» бағдарламасына сәйкес, ғасырлар бойы халқымыз қастер тұтып келген киелі орындар арқылы туризм саласын, әсіресе, ішкі туризмды дамыту мақсатында еліміздің жер-жерінде мәдени-тарихи кешендер жаңартылып, қайтадан ашылған болатын. Соның бірі – Ақтөбе облысы, Қобда ауданы, Жиенқона ауылындағы Қобыланды батырға арналған тарихи-мемориалдық кешен.

Оның ашылғанына биыл 15 жыл толып отыр. Кешеннің жобасын сәулетші Бек Ибраев жасаған. Оның құрамына мавзолей, Даңқ жолы және кесенеге барар жолдың екі жағында сапқа тізіле тұрған белгітастар кіреді. Мавзолей дулыға пішіндес етіп тұрғызылған. Биіктігі – 17,5 метр, ені – 12 метр. Оның есігіне құран аяттары жазылған. Археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған ескі кесененің бұрыштары әйнекпен жабылып, көне заманның құнды жәдігері ретінде сақталды. Кесенеге кірер есіктің сол жағына «Қобыландының қайрақтасы» аталған тас қойылды. Қобыланды батырдың сүйегін қайта жер қойнына тапсыру рәсімі кезінде қойылған белгітас та кешен аумағында сақтаулы. Даңқ залындағы музейде көне түркі мемлекеттерінің, Алтын Орда, Ақ Орда, Ноғай Ордасының тарихынан мағлұматтар жинақталған. Сондай-ақ, «Қобыланды батыр» жырының бүгінгі күнге жеткен 29 нұсқасы болса, соның 12-сінің көшірмесін осы жерден таба аласыз. Деректер бойынша бүгінде, орта есеппен мұнда жылына бес мың турист келеді екен. Кешенді туристік орталыққа айналдыру үшін алдымен жарнамалау, насихаттау жұмыстары кеңінен жүргізілуі керек. Осыған байланысты быылғы жылдың мамыр айында



Армия генералы, Кеңес Одағының батыры, «Халық қаһарманы» Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Халықаралық қоғамдық қайырымдылық қорының ұйымдастыруымен Қобыланды батырды еске алуға арналған «Қазақтың хас батыры Қобыланды» атты ауқымды іс-шара өтті. Оған еліміздің белгілі азаматтарымен қатар өзге елдерден арнайы келген меймандар қатысты. Алдымен олар Самара-Шымкент

тас жолы бойындағы Қобыланды батыр ескерткішіне тағзым етті. Бұдан кейін Қобыланды батыр мемориалдық кешеніндегі митингінде болып, батырдың кесенесіне кіріп құран бағыштап, музей қорымен танысты. Аталмыш шараға аймағымыздың абыз ақсақалы Қадыр Үнгітбаев бастаған арнайы делегация қатысып қайтты.

Жаннұр ТӨЛЕНДІҚЫЗЫ.

Көңіліме қаяу салған сол бір көрініс көз алдымнан кетер емес. Кішкентай қыздың бір ауыз сөзі жүрегімді тырнап өтті. Қайтейін, қолымнан келер шара болмаған соң, естімеген кейін танытып, теріс айналып жүріп кеттім.



.... Тамылжыған жаз айының кеші болатын. Жұмыстан әдеттегіден кеш шыққан соң, үйге тез жетпек ниетпен әрі жол қысқарту үшін төтелетіп үйлердің арасымен жүрдім. Дәл алдымда жұпыны киінген соңында 6-7 жасар қызы бар ерлі-зайыпты кетіп бара жатты. Кенет қоқыс жәшігінің қасынан өте бергенімізде қыз бала мен әйел артта сәл іркіліп қалды да, ері асықпай жәшікке беттелді. Менің жандарынан өте бергенім сол еді:

– Папа, дұрыстап қарашы, мүмкін тағы да кешегідей конфет тауып аларсың, – деп дауыстады шүйкебас қыз. Үні сондай аянышты естілді. Жалт қарадым. Қыз бала жауандап әкесіне қарап тұр екен. Жүрегім шыдамай бетімді бұрмақ болдым. «Айналайын, конфет алып жей ғой» деп берейін десем, қырсыққанда қалтамда ақша да жоқ екен. Амалымның жоқтығынан теріс айналып жүре бердім.

«Адамның басы – Алланың добы» . Өмірге келгеннен кейін кімнің қандай күй кешетіні белгісіз. Бірі шалқып тасыған байлықтың ортасында жүрсе, енді бірі жарты үзім нанға

зар болып күй кешуде. Туғанынан-ақ, басына «қырық үйіріліп», өмірінің соңына дейін тіршіліктің тауқыметін тартып өтетіндермен қоса, өмірдің сыйға берген бағы мен байлығының қадірін түсінбей, артынан мүсәпір күйге қалай түскенін білмей қалатындар қаншама? Қазіргі таңда жұмыссыздықтың салдарынан күн көрісі қиындап, амалының жоғынан сұрау сұрап тентіреушілер мен қоқыс жәшігін аралаушылар да аз емес. «Осылар мұндай сорлы күйге қалай түсті екен?» деп сұрағың-ақ келеді. Бірақ, оған жауап жоқтығын ойлап еріксіз тосыласың. Айтұшылар «оған мың бір сылтау бар» дейді, бәлкім, рас та шығар, кім білсін?! Болмыстың жауабын күйттегенше, сірә, солардың «мүсәпір халін ескеріп, өмірінің соңына дейін өксітпей көмектесер жан табылар ма екен?» деген мәселені түбегейлі шешу керек-ау, шамасы! Бірақ, нақ қазір оған дәл жауап бола қоймас. Қоянның жымьына түсіп кеткен түйіні қиын мәселені келешектің еншісіне қалдырған мен асығыс үйге аяндадым.

Жаннұр ПЛЕМИСОВА.

СӨЗТҰСПАЛ

Whatsapp
8(701)-118-88-08

Құрастырған: Айтжан ӨТЖАНҰЛЫ.

Көкшедегі үңгір	↙	Елтаңбадағы жұлдыз		Ханның орыны	→					• «Қызғанишақтың ақылдың көзін байлайды».	Ф. РАБЛЕ.
	↘									***	
Тікенді жөндік		Шын	→			Ұждан ұят				• «Он күннің тоғыз тілден!».	М. ТАЗАБЕКОВ.
	↘									***	
		Ашу		Серкебаев есімі	→			Сауысқан тағы бір аты		• Дос кім? Дос дегеніміз – екінші мен.	ЗЕНОН.
						Баяу 12 жасар бүркіт Қыз есімі					
				Құрманғазы күйі	→	Шағын (син.)				Келіннің екінші «анасы»	Термин сөз
				Автобус маркасы	→					Совет армиясы	→
						Көненің түрі				Ежелгі тайпа	
						Қайғылы (син.)				Спорт клубы	
		Шөп салатын орын	→					Ұлытау бөлігі			
		Жалақы	→					Ем, шипа			
Мотор бөлігі										Қазақстан су қоймасы	
Күйдің бірі	↙	Пайғамбардың бірі	→			Оптикалық шыны					Жеміс-жидек түрі
	↘	Тісті құрал									На...
				Екпін (син.)	→	Діни термин					
				Айыр ағаш	→						Әріп
		Жасанды талшық	→					Тәжік. өзен			
		Ешкі төлі	→					Оратын құрал			

ГАЗЕТТІҢ № 20 (8283) САНЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН СӨЗТҰСПАЛДЫҢ ЖАУАБЫ:

- Әулиеата. Мал. Тараққұйрық. Алғабас. Ұста. Руан. «Си». Тайға. Оқа. Мас. Аға. Ырым. Газ. Қыр. Айла. Ніл. Шайыр. Құнай. Айналма. Нарт. Брамс.
- ↕ Гималай. Балқарағай. Ұлу. Спам. Тасшайнар. Табиғат. «АЗЛК». Ық. Ұшқын. Арома. Лайка. Шам. Орынша. Гагарин. Қасқыршік.

ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

Біз үшін елдің мүддесі, оқырманның тілегі басты орында. Осы мақсатта «Оқырман отауы» айдарын қайта жаңғырттық. Осыған байланысты қала, ауданның тыныс-тірлігіне байланысты талап-тілегіңіз туындаса, ұсыныс-пікіріңіз болса, тайсалмай айтыңыз, ірікпей жазыңыз! Ол үшін **Whatsapp** әлеуметтік желісінде арнайы нөмір қосып отырмыз. Бұқараның базасына үн қатуға әрқашан әзірміз.

Байланыс нөміріміз 8(701)-118-88-08.

Қадірлі оқырман!

Аймағымыздың уақыт талабына сай алға басуы үшін әрқайсысымыз ат салысып, қалауымызды айтып, талабымызды қояйық. Шешілуіне де бірлесе жұмылайық.

Күрметпен, аймақтық «SARYARQA» газеті!

МАУСЫМ АЙЫНЫҢ НАМАЗ КЕСТЕСІ

(Жезқазған уақыты бойынша)

МАУСЫМ	Апта күндері	Таң намазы	Күннің шығуы	Бесін намазы	Екінші намазы	Ақшам намазы	Құтпан намазы
1	Сәрсенбі	03:31	05:32	13:30	18:55	21:22	23:23
2	Бейсенбі	03:31	05:31	13:30	18:55	21:23	23:24
3	Жұма	03:31	05:31	13:30	18:56	21:24	23:24
4	Сенбі	03:30	05:30	13:31	18:56	21:25	23:25
5	Жексенбі	03:30	05:30	13:31	18:57	21:26	23:25
6	Дүйсенбі	03:30	05:29	13:31	18:57	21:27	23:26
7	Сейсенбі	03:30	05:29	13:31	18:58	21:28	23:26
8	Сәрсенбі	03:30	05:29	13:31	18:58	21:28	23:27
9	Бейсенбі	03:30	05:28	13:31	18:59	21:29	23:27
10	Жұма	03:30	05:28	13:32	18:59	21:30	23:28
11	Сенбі	03:30	05:28	13:32	19:00	21:30	23:28
12	Жексенбі	03:30	05:27	13:32	19:00	21:31	23:28
13	Дүйсенбі	03:30	05:27	13:32	19:01	21:31	23:29
14	Сейсенбі	03:30	05:27	13:32	19:01	21:32	23:29
15	Сәрсенбі	03:30	05:27	13:33	19:01	21:32	23:30
16	Бейсенбі	03:30	05:27	13:33	19:02	21:33	23:30
17	Жұма	03:30	05:27	13:33	19:02	21:33	23:30
18	Сенбі	03:30	05:27	13:33	19:02	21:34	23:30
19	Жексенбі	03:30	05:27	13:34	19:03	21:34	23:31
20	Дүйсенбі	03:31	05:27	13:34	19:03	21:34	23:31
21	Сейсенбі	03:31	05:28	13:34	19:03	21:34	23:31
22	Сәрсенбі	03:31	05:28	13:34	19:03	21:35	23:31
23	Бейсенбі	03:31	05:28	13:34	19:03	21:35	23:32
24	Жұма	03:31	05:28	13:35	19:04	21:35	23:32
25	Сенбі	03:32	05:29	13:35	19:04	21:35	23:32
26	Жексенбі	03:32	05:29	13:35	19:04	21:35	23:32
27	Дүйсенбі	03:32	05:30	13:35	19:04	21:35	23:32
28	Сейсенбі	03:33	05:30	13:35	19:04	21:35	23:32
29	Сәрсенбі	03:33	05:30	13:36	19:04	21:35	23:32
30	Бейсенбі	03:33	05:31	13:36	19:04	21:35	23:32

Ахмет ишан Оразайұлы атындағы мешіт.

Газет уақытылы жеткізілмесе, осы нөмірге хабарласуларыңызды сұраймыз 8 777 890 22 58